Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 21 (1076)

03.06.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

ЖАС ҰШҚЫШТАР МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ

БИЫЛҒЫ «БАЛАЛАР ЖЫЛЫ» АЯСЫНДА ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНДА «ЖАС ҰШҚЫШ» МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ. БҰЛ ҚУАНЫШТЫ ЖАҢАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙЛАСТЫРЫЛДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ.

Аталған қосымша білім беру ұйымында 160 бала авиация саласының алғашқы әліппесі туралы дәріс алатын болады. Алматы облысының әкімі Қанат Бозымбаев мектептің ашылу рәсіміне қатысып, ондағы оқушылармен кездесті.

Оқушылар сарайындағы арнайы жасақталған кабинеттің материалдық базасымен танысқан Қанат Бозымбаев балаларды мерекелерімен құттықтады.

– Күні ертең біреуің ұшқыш, бірің стюардесса, енді бірің борт механигі болып, болашақ өмірлеріңді авиациямен байланыстыруларың мүмкін. Бұл мектеп сол арман-мақсаттарыңа жол көрсетеді. Болашақта облыс аумағында авиациялық колледж ашылады, елімізде азаматтық авиация академиясы, әскери училищелер бар. Осы мектептен қанаттанып шығып, білімдеріңді сол оқу орындарында жалғастыруларыңа болады. Осы мектепте жақсы оқып, дұрыс білім алып, Талдықорғанның атын шығарып, үлкен дәрежеге жетесіңдер деп сенемін, – деді Қ.Бозымбаев.

Мерекелік шарада Азаматтық авиация академиясының проректоры Алжапар Сәретбаев та жеткіншектерге Айдын Айымбетовтей азамат болуларына тілектестік білдірді. Оның айтуынша, мұндай мектеп тек Ақтөбеде бар. Бұл - елімізде ашылып отырған екінші мектеп. Балаларға кәсіби бағыт-бағдар беруде бұл үйірменің берері көп болмақ.

Қонақтармен әңгімелесуде балалар армандарын айтып, ойларымен бөлісті.

Мәселен, мектепке алғашқылардың бірі Динара Диханбекова өзінің стюардесса болғысы келетінін, «Жас ұшқыш» мектебінің ашылғанына қуанышты екенін айтты.

«Жас ұшқыш» үйірмесінің жетекшісі Сергей Чернышовтың айтуынша, мұнда 5-10 сынып оқушылары – 20 баладан 8 топ, яғни 160 бала дәріс алмақ.

Оларға сабақ-тапсырмалар жас ерекшелік деңгейіне қарай беріледі.

Педагогикалық ұжымда 3 жетекші жұмыс істейді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

АҢДАТПА

ПРЕЗИДЕНТ 3 стр.

ОСУЩЕСТВИТЬ НЕОБХОДИМЫЕ ПРЕОБРАЗОВАНИЯ В ОБЩЕСТВЕ

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ 4-бет

ЖЫРЫ МЕН МҰҢЫ БІТПЕГЕН ЗЕЙНЕТ ЖАСЫ

МӘДЕНИ ШАРА 7-бет

АЛМАТЫДА КІТАП ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ

ӘҢГІМЕ 8-9-бет

МОНШАҚ ПЕН МОЙНАҚ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ДОСТЫҚ ҮЙІНДЕ

РЕФЕРЕНДУМДЫ ҚОЛДАУ МАҚСАТЫНДА КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Достық үйінде Облыстық «Қоғамдық келісім» КММ ұйымдастыруымен алда өтетін Референдумды қолдау бағытындағы кездесу өтті.

Республикалық штаб мүшелерінің өкілдері және Алматы облысындағы «Ассамблея жастары» РҚБ Өкілдігі мүшелері-нің қатысуымен өткен жиынның басты мақсаты – референдум еліміздің жарқын келешегінің іргетасын қалайтын аса маңызды оқиға екендігін түсіндіру. Әрбір адамның дауыс беріп, жаңа Қазақстан құруға ат салысу керектін жастарға жеткізу.

Конституциялық референдум тұтас мемлекетіміздің болашағына әсер етпек.

Конституциялық бастамалардың заңды негізін қамтамасыз ету үшін Ата заңымыздың 33 бабына түзетулер мен толықтырулар енгізілмек, ал бұл Конституцияның үштен бір бөлігі болып табылады.

Жиын ұйымдастырушысы облыстық «Қоғамдық келісім» КММ директор орынбасары Руфина Қасымқызының айтуынша, бүгінгі таңда трансформация тек қазақстандық қоғамда ғана емес, бүкіл әлем ауқымды өзгерістерді бастан кешуде, адамзат қарқынды прогресс пен ауқымды өзгерістердің жаңа дәуіріне аяқ басып отыр. Сондықтан біз осы прогрестен тыс қалмай, өзгерістерге бейімделіп, жаңаша дамудың көшінде ілгері болуымыз керек.

Жиын барысында «Ассамблея жастары» РҚБ төрағасы Тимур Ғабдуллаұлы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқытушысы, Start–up академиясының жетекшісі Дамир Дигай мен Алматы облысы бойынша референдумды қоғамдық қолдау республикалық штабының сарапшысы Ұлан Боранбайұлы бір ауыздан жастарды жігерлендіріп, жаңа Қазақстан құру жолында барынша ат салысуға шақырды.

А. БЕКМОЛДИНА.

МЕРЕКЕ АЯСЫНДА

АУРУХАНАДА ЖАТҚАН БАЛАЛАР да сыйлық алды

«Балаларды қорғау күні» деп белгіленген елеулі күнді барлық бала асыға күтеді. Бұл балғын бүлдіршіндеріміз үшін ең қуанышты және жыл сайын күтетін басты мерекелердің бірі. Жаздың жаймашуақ алғашқы күнімен тұспа-тұс келетін бұл мерекенің тарихы әріде. Әлем назарын бүлдіршіндердің құқығын, өмірі мен денсаулығын қорғауға аудару мақсатын көздейтін халықаралық мерекенің маңызы зор. Сондықтан да, бұл мерекені тойлаудан еш бала шет қалмауы тиіс.

Балаларды қуантқаннан артық не бар, бұл өмірде? Олардың жайнаған жүзін көріп, күміс күлкісін естіп, алаңсыз бақытты балалық шағын тамашалағаннан артық ғажап нәрсе болмас. Баланы қуанту – әлемге шуақ шашумен тең.

Өйткені, балақайлар – болашағымыздың баянды жолы, өміріміздің мәні, көңіліміздің сәні. Балаға жасалған бар жақсылық болашақ жолындағы ұлы іспен тең десек, келісерсіздер.

Биылғы мереке Балалар жылымен астасып келіп отыр. Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Ақсу аудандық орталық ауруханасында мерекелік іс - шара өтті. Аурухана директоры бастаған ұжым мүшелері стационарда ем алып жатқан барлық баланы мерекесімен құттықтап, арнайы сый-сияпат көрсетті.

Мерекелік шарада бас дәрігердің орынбасары А. Жайнарбекова, директордың ана мен баланы қорғау жөніндегі орынбасары А. Смағұлова балалар дәрігері А.Адиманова, бас медбике М. Арғынбаевалар ақжарма тілектерін білдірді. Өз сөздерінде олар бұл мерекенің балалар мен ата-аналар үшін ерекше мәні бар екенін атады. – *Өйткені Мемлекет*

басшысының Жарлығымен 2022 жыл Балалар жылы болып жарияланды. Барлық кішкентай балғындарымызды осы шуақты мерекемен құттықтаймыз. Денсаулықтарыңыз мықты болсын, – дей келе балаларға арнайы дайындаған сыйлықтарын табыс етті.

Ақсу аудандық орталық ауруханасының баспасөз қызметі.

ҚУАНЫШ СЫЙЛАҒАН НҰРЛЫ КҮН

Алматы облысы бойынша Антикоррупциялық қызмет ұжымы «Күншуақ» облыстық балаларды оңалту орталығында болып, ондағы тәрбиеленушілермен кездесті. Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесімен құттықтап, ақжарма тілегін жеткізді.

Жылы сөздерін жаудырып, ізгі тілектерін білдірген департамент қызметкерлері балғындарға мереке барысында алып келген сыйлықтарын табыстады. Ал 9 жасар Амина сыйлықтан бұрын мейірімді жандардың ыстық ықыласын асыға күткенін айтып, мәзмейрам болды.

Департамент басшылығы еліміздің ертеңгі тірегі – бүгінгі бүлдіршіндер екенін айта келе, жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім, жемқорлықсыз жарқын болашақ сыйлау әр азаматтың міндеті екенін тілге тиек етті.

Айта кетейік, оңалту орталығында 5 тен 14 жас аралығындағы жүйке жүйесінде ақауы бар жүздеген бала емделуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаментінің баспасөз қызметі.

МЕКТЕБІНДЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

АЛҒАШҚЫ КӨМЕК КӨРСЕТУДІ ҮЙРЕНДІ

Талдықорған қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары алғашқы медициналық көмек көрсету негіздері бойынша шеберлік сабағын өткізді.

Шеберлік сабағын Қазақстан Республикасының Қызыл жарты ай гуманитарлық ұйымының волонтерлері жүргізді. Балалар жүрек массажын және жасанды тыныс алуды дұрыс орындауды, таңғыштарды қолдануды үйренді, сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу туралы көп мағлұмат алды.

NIS оқушылары үшін ақпарат өте пайдалы болды. Зияткерлердің айтуынша, олар алғашқы көмек көрсету дағдыларын дамытуға дайын.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ЖЕДЕЛ ОТЫРЫС

КЕМШІЛІККЕ КЕҢШІЛІК БЕРМЕУ ҮШІН

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ХАБАРЛАУЫНША, АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ СОТ АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ Қ.ДОСЫМБЕТ АЛҚА СУДЬЯЛАРЫМЕН ЖЕДЕЛ ОТЫРЫС ӨТКІЗДІ.

Жедел отырыс барысында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен 2022 жылдың 18 мамырында күші жойылған және өзгертілген азаматтық істер талқыланды. Төрағалық етуші күші жойылған және өзгертілген сот актілері бойынша жеке-жеке тоқталып, түсіндірме беріп өтті. Қатысушы судьялармен бірге кассациялық тәртіпте сот актілерінің күшін жою, өзгерту себептерін, қандай заңнамаға сілтеме жасалғанын, негіздерін талқылады.

Сонымен қатар Жоғарғы Соттан түскен қаулыларды назарға алып, болашақта мұндай кемшіліктерді жібермеуді, заңдарда болатын өзгерістер мен толықтыруларды қатаң назарда ұстауды тапсырды. Сондай-ақ, 2022 жылғы сәуір айында кассациялық тәртіппен қаралған азаматтық істер бойынша шолу жасалып, аталған кезеңдегі кассациялық сатыдағы сот қаулыларының жинағы талқыланды. Жедел отырысты қорытындылай келе, Қ.Досымбет қатысушыларға сот төрелігін жүзеге асырудың сапасын арттыру қажеттілігін қатаң ескертіп, судьялық әдеп кодексін сақтауда жоғары жауапкершілік танытуды талап етті.

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ

ОСУЩЕСТВИТЬ НЕОБХОДИМЫЕ ПРЕОБРАЗОВАНИЯ В ОБЩЕСТВЕ

Как передает Nur.kz, по окончании переговоров в узком и широком форматах президенты Казахстана и Кыргызстана провели брифинг для представителей средств массовой информации. Об этом сообщается на официальном сайте Акорды.

Глава государства в своем выступлении высказал уверенность в том, что сегодняшний визит позволит вывести многогранное сотрудничество двух стран на новый уровень.

Достигнут ряд договоренностей. Приоритетное внимание мы уделили укреплению торгово-экономических связей. Сегодня, когда весь мир переживает сложный период, особенно важно объединить наши усилия.

Казахстан – один из основных торговых и инвестиционных партнеров Кыргызской Республики. В прошлом году товарооборот между нашими странами достиг 1 млрд долларов. За последние 15 лет Казахстан инвестировал более 1 млрд долларов в экономику Кыргызстана, в том числе в реализацию социально значимых проектов.

«В целом, у нас имеется потенциал для дальнейшего расширения экономической интеграции. Мы договорились увеличить объем взаимной торговли до 2 млрд долларов», – заявил Касым-Жомарт Токаев.

Президент Казахстана указал на то, что индустриальный торгово-логистический комплекс, строительство которого началось сегодня, откроет новые возможности для диверсификации сотрудничества в промышленности и торговле.

По словам главы государства, имеется потенциал для значительного наращивания взаимного товарооборота в краткосрочной перспективе. Казахстан уже может предложить Кыргызстану сотни видов импортных товаров.

«Мы готовы экспортировать промышленную продукцию и другие товары. Будет поддержка со стороны компании "Kazexport". Кыргызстаном также экспортируется ряд товаров в нашу страну. В связи с этим мы договорились максимально использовать имеющиеся возможности.

Особое внимание было уделено мерам по упрощению перехода граждан через границу. Мы также обсудили вопросы совершенствования грузоперевозок. В последние годы в этом направлении были предпринят ряд масштабных мер.

В 2021 году был модернизирован пограничный пункт «Қордай», обеспечено качественное обслуживание пассажиров. Достигнуты договоренности по модернизации и других пограничных пунктов.

Основная задача – снизить количество проверок и устранить транспортные заторы на границе», – сказал президент Казахстана.

Лидеры двух стран для решения этих вопросов пришли к взаимному согласию о необходимости внедрения цифровых технологий.

Президент Казахстана отметил, что государство будет и впредь защищать интересы иностранных инвесторов, что положительно скажется на инвестициях казахстанских компаний в Кыргызстан.

Кроме этого, с участием казахстанского капитала планируется строительство солнечной электростанции в Иссык-Кульской области. Стоимость проекта составит 300 млн долларов.

Далее президент Казахстана остановился еще на одном приоритетном направлении – координации взаимоотношений в водно-энергетической сфере.

«Мы вновь подтвердили, что трансграничные водные ресурсы являются для нас общей ценностью. Проблема нехватки воды усложняется с каждым годом. Такой прогноз делают авторитетные международные экологические организации. Не будет увеличения воды – это уже понятно.

Поэтому странам Центральной Азии необходимо работать сообща. Реки, общие для обеих стран, всегда должны быть связующим звеном между народами. Казахстан готов в полной мере исполнять все обязательства и совместно реализовывать важные проекты», – подчеркнул глава государства.

В ходе переговоров лидеров двух стран особое внимание было уделено укреплению культурно-гуманитарных связей. В последние годы был проведен целый ряд мероприятий, призванных активизировать контакты в данной области.

«В прошлом году в ходе визита Садыра Нургожовича в Казахстан мы достигли ряда договоренностей, которые позволили сблизить молодежь двух стран. Благодаря их реализации этих договоренностей сегодня в Бишкеке будет открыт филиал Казахского национального университета имени аль-Фараби.

Кроме того, мы выделили гранты для молодых ученых с целью поддержки их научных исследований. Я предложил ежегодно проводить форум интеллигенции двух стран с целью укрепления культурно-гуманитарных связей», – сказал Касым-Жомарт Токаев.

Как было сказано на брифинге, в ходе переговоров лидеров двух стран состоялся обмен мнениями по глобальной и региональной повестке.

Стороны отметили схожесть их позиций по международным вопросам, в том числе по перспективам углубления интеграции в Центральной Азии. В связи с этим, достигнута договоренность о проведении в ближайшее время консультативной встречи глав государств региона.

По словам Касым-Жомарта Токаева, будет продолжено взаимодействие двустороннем и многостороннем формате. Казахстанская сторона поддерживала деятельность Кыргызстана в качестве председателя Евразийского экономического союза.

«Благодарим кыргызских братьев за поддержку казахстанских инициатив в рамках СВМДА. Очевидно, что сегодняшний визит будет способствовать дальнейшему укреплению сотрудничества между двумя странами. Достигнутые договоренности и подписанные соглашения служат ярким тому подтверждением», – сказал Касым-Жомарт Токаев.

Глава нашего государства особо подчеркнул важность референдума по поправкам в Конституцию, который пройдет 5 июня в Казахстане. По его словам, это историческое событие будет означать новых этап в истории нашей страны.

«Новый Казахстан, или Вторая республика, – это демократическое общество в подлинном смысле. При сохранении президентской системы роль и влияние парламента будут значительно усилены.

Мнения и голоса наших граждан будут услышаны. После этой правовой реформы я как президент не буду наделен избыточными полномочиями и привилегиями.

Моя задача – осуществить необходимые преобразования в обществе, открыть нашему народу дорогу в светлое будущее», – сказал президент Казахстана.

Касым-Жомарт Токаев напомнил, что этими реформами процесс демократизации не закончится, Казахстану еще предстоит пройти долгий путь. По мнению президента, реформы и модернизация всей социальной системы будут продолжены.

Напомним, что Касым-Жомарт Токаев прибыл в Кыргызстан с официальным визитом. Президенты Казахстана и Кыргызстана провели переговоры в узком и расширенном составах, после чего совершили прогулку по территории резиденции Ала-Арча.

РЕФЕРЕНДУМ

В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ ДЕЛОВЫЕ ЖЕНЩИНЫ ВЫРАЗИЛИ ПОДДЕРЖКУ ПРЕДЛАГАЕМЫМ ИНИЦИАТИВАМ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА. ПО СЛОВАМ БИЗНЕСВУМЕН, НОВЫЕ ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕФОРМЫ ОЧЕНЬ СВОЕВРЕМЕННЫ И НЕОБХОДИМЫ КАЗАХСТАНСКОМУ ОБЩЕСТВУ, ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РПП.

ЗАЯВИЛИ О ПОДДЕРЖКЕ ПРЕЗИДЕНТСКИХ РЕФОРМ

Об этом было заявлено в ходе встречи членов Совета деловых женщин Алматинской области, представителей общественных организаций и НПО с заместителями председателя Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при президенте РК, депутатом Сената Ляззат Сулеймен и общественным деятелем Еленой Тарасенко.

Поприветствовав участников, модератор встречи председатель Регионального совета – Совета деловых женщин, депутат Алматинского областного маслихата Римма Салыкова отметила, что по всей республике продолжаются разъяснительные работы, встречи с коллективами с целью разъяснения о референдуме и предлагаемых инициативах.

«Вклад в реализацию предложенных президентом позитивных преобразований и реформ, в становление нового Казахстана – основной гражданский долг каждого из нас. Как говорит наш мудрый народ, в настоящее время источник жизни и благоденствия – в единстве. В этом контексте мы будем способствовать становлению Казахстана демократическим, справедливым и цивилизованным государством. Новые политические реформы очень своевременны и необходимы казахстанскому обществу, мы выражем поддержку демократическим процессам в Казахстане, направленные в конечном итоге на демократизацию общества и усиления прав граждан», – отметила Римма Салыкова.

Стоит отметить, что все предыдущие четыре внесения поправок в Конституцию страны всегда проходили посредством голосования в Парламенте. Поэтому предстоящий референдум внесет серьезные изменения во всех сферах нашей жизни, начиная от структуры власти до вопроса защиты прав граждан, уверена сенатор Ляззат Сулеймен.

«Можно сказать, что в ходе подготовки конституционных поправок было учтено мнение народа. Поскольку, предлагаемые инициативы – это большой пул предложений и мнений, которые были озвучены казахстанцами на протяжении последних лет. Если вступят изменения, то власть станет подотчетной населению, будут укреплены принципы народовластия. Мы видим, что появится Конституционный суд, деятельность прокуратуры будет определена конституционным законом. Благодаря этому мы будем создавать новый и справедливый Казахстан», – рассказала Ляззат Сулеймен.

Также за круглым столом обсуждены ряд общественно-политических и социальных вопросов.

Ш. БАТОВ.

КАК СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ, В ХОДЕ ВСТРЕЧИ С СОВЕТАМИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ И БИЗНЕС-СООБЩЕСТВОМ ПАНФИЛОВСКОГО, УЙГУРСКОГО, КЕГЕНСКОГО И РАЙЫМБЕКСКОГО РАЙОНОВ ГЛАВА ОБЛАСТНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ ДАУРЕН ОНАЛБАЕВ ОБСУДИЛ ПРОБЛЕМНЫЕ ВОПРОСЫ И РАЗЪЯСНИЛ КОНСТИТУЦИОННЫЕ ПОПРАВКИ.

ОБСУДИЛИ КОНСТИТУЦИОННЫЕ ПОПРАВКИ

По мнению главы палаты, предстоящий рефе-рендум станет началом большой трансформации государства и общества. Ведь будут изменены 33 статьи Конституции, следом внесут изменения в ряд норма-тивно-правовых актов.

«Наша цель членов общественного штаба по поддержке референдума разъяснить бизнесменам и трудовым коллективам простым и понятным языком о предлагаемых конституцонных поправках. Все изменения носят системный характер путем перераспределение ряда властных полномочий, усиление роли и статуса Парламента, расширение участия населения в управлении страной, усиление конституционных механизмов защиты прав граждан», – отметил Даурен Оналбаев.

Заместитель директора по правым вопросам Думан Керимбаев остановился на основных юридических аспектах конституционных поправок.

«*Появится новый институт – Конституционный Суд. Он будет работать вместо Конституционного совета. Суд будет состоять из 11-и судей, включая Председателя, полномочия которых длятся шесть лет. Председатель Конституционного Суда назначается Президентом республики с согласия Сената Парламента. 4 судей назначаются Президентом республики, по 3 судей Конституционного Суда назначаются соответственно Сенатом и Мажилисом. Счетный комитет по контролю за исполнением республиканского бюджета также будет преобразован в Высшую аудиторскую палату. Чтобы повысить статус и уровень защиты прав граждан, в Конституции будет обозначена роль Уполномоченного по правам человека. Как вы знаете, Уполномоченный по правам человека независим и неподотчетен государственным органам и должностным лицам»*, – рассказал Думан Керимбаев.

Далее ходе вопросов-ответов предприниматели задали интересующие вопросы и озвучили свои мнения по поддержке инициатив президента.

Ш.ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ЖЫРЫ МЕН МҰҢЫ БІТПЕГЕН ЗЕЙНЕТ ЖАСЫ

ҚАЗАҚ «ЖАС КЕЗІҢДЕ БЕЙНЕТ БЕР, ҚАРТАЙҒАНДА ЗЕЙНЕТ БЕР» ДЕП ТӘМСІЛДЕТКЕН. АЛАЙДА СОЛ ЗЕЙНЕТ ЖАСҚА ЖЕТУДІҢ ӨЗІ МҰҢ МЕН ЗАРҒА АЙНАЛДЫ. ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС КӨЗІ БАРЛАР БОЛМАСА, ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНА ТӨЛЕМ ТӨЛЕП ЖАТҚАНДАР ШАМАЛЫ. ТІПТІ, БОЛАР БОЛМАС ЖАЛАҚЫ АЛАТЫНДАРДЫҢ ӨЗІ ӨЛІПТАЛЫП ЗЕЙНЕТ ЖАСЫНА ШЫҚҚАНДА АЛАТЫН ЗЕЙНЕТАҚЫСЫ КҮН КӨРІСІНЕН АРТЫЛМАЙДЫ.

Қазақстанда жұмыссыздардың саны қаншама екенін үкіметтің өзіде нақты біле алмайды-ау. Өйткені түрлі көзбояушылықтарға баратын жергілікті билік жоғарыға жұмыссыздар жайлы статистикалық мәліметті бүркемелеп беретіні айдан анық. Ал тіркеуде тұрмай күнделікті нәпақа іздеп, базарда арба сүйреп, қара жолдың бойында тізіліп тұрған жұмыссыздарды ешкім де есепке алып жатқан жоқ. Осыдан төрт-бес жыл бұрын бұрынғы Елбасының кезінде ауыр жұмыс істейтін кен орындарындағы жұмысшылар зейнет жастарын қысқартуды талап етіп, ереуілдеткені ел есінде. Парламент мінберіне дейін қаралған бұл мәселе сиыр құйымшақтанып кеткен-ді. Енді зейнет жасын төмендетуді талап еткен ұстаздар мен өзге де жұмыс тобындағы белсенділер Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсеновамен үкіметке шағымдарын айтып, зейнет жасын төмендетуді талап етуде. Осы мәселеге байланысты Тамара Дүйсенова зейнет жасын төмендетуге қатысты ұсынысына пікір білдіріп, 1998 жылы зейнетақы жүйесінің реформаланғанын, соған сәйкес, 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін еңбек өтілі бар азаматтар ғана мемлекеттен еңбек зейнетақысын алады. *«Сонан кейін оған қосымша базалық зейнетақыны алады. Ал егер біз зейнет жасын төмендететін болсақ, онсыз да еңбек өтілі төмендеп келе жатыр, зейнетақы да өте төмен болады»*, – депті. Ал енді Қазақстанда өмір сүру жасының жоғарғы шегі 67 жас екенін тағы да мәлімдеген. Сонда өліпталып 63-ке толғанда зейнетке шыққандар 67 жаста бақылық болса, зейнеттің қызығын көрмей кетеді. Бір ғажабы азаматтардың зейнетке ерте шыға алатын мүмкіндігі 1998 жылдан кейін жинақтаушы шотқа өз уақытында қосылып отырса, 63 емес 50 жасында зейнетке шығып кетуге мүмкіндігі бар деп Заңда жазылыпты. Бірақ осы күнге дейін 50 жасымда зейнетке шықтым деген бір азаматтың үнін естімедік. Естімейтін де шығармыз. Себеп, 1998 жылдан бері қаншама дағдарыс болды. Теңгенің құны түсті. Жұмыс орындарының ашылағанынан, жабылғаны көп болды. Бір орында тиянақты жұмыс жасаған қарапайым жұмысшыны табу – құм астынан алтын іздегенмен бірдей. 67 жас демекші, менің туған ағам да, белгілі журналист Ғалым Жазылбеков та, Нұртілеу Иманғали да 67 жасында бақылық болды. Мұндай көрсеткіштерді жалпы республика бойынша алатын болсақ миллиондап санауға болады. Одан бөлек, зейнетке жете алмай ажал құшқандары қаншама? Сонда деймін-ау, Қазақстандағы өмір сүру жасының 67 жас екенін біле тұра үкімет зейнет жасын әзірге төмендеткісі келмейтін сыңай танытуда. Онымен қоймай 1998 жылғы заңға сүйеніп, зейнетақы қорына үзбей жарна төлеп тұрсаңыз, 50 жасыңызда зейнетке шыға беріңіз сізге ешкім қой демейді деп жұбатады. Кәсіпорындардағы еңбекақының өсімі айтпаса да түсінікті. Батыс өңіріндегі мұнай кен орындарында істейтін жұмысшылардың ереуілінен кейін жалақы көтергені бар-ды. Әлі күнге дейін Батыста вахталық кен орындарында жұмыс істейтіндерін әрі жедел жәрдем көлігін жүргізетін жұмысшылардың дүркін-дүркін ереуілге шығып тұрғанын ақпарат құралдары жариялауда. Тіпті, Нұрсұлтан қаласына барып, Министрліктің алдында көлбеңдеп екі жеті жатып алғандары көгілдір экраннан көргенбіз. Олардың жалақысы Оңтүстік өңірлердегі жұмысшылардың жалақысымен мүлде сәйкес келмейді. Оңтүстік өңірлердің қара жұмысшыларының алатын жалақысы сараң байдың құлдарына берген садақасы сияқты. Құрылыста, жекеменшік кәсіпорындарда жұмыс жасап жүргендер айлап-жылдап, еңбекақыларын ала алмай сот табалдырығын тоздырып жүр. Тіпті, еңбекақы, маңдай терін даулағандар зейнетақы қорларына бір тиын да аударылмағандарын айтып дабыл қағып жатады. Сонда қайдағы елу жаста зейнетке шығады. Бұл енді «Тасты жапалақпен ұрсаң да, жапалақ өледі. Жапалақты таспен ұрсаң да жапалақ өледі» дегеннің кері. «Жаңа Қазақстан құрамыз» деген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі Қазақстанда орташа жалақы 50 000 мың теңгеден аспайды деп ашы шындықты айтқан-ды. Одан бері көтеріліп кеткен жалақы жоқ. Рас, ұстаздар мен дәрігерлердің, сот орындары және құқық қорғау органдарының жалақылары өсуде. Мемлекеттік қызметкерлердің жалақысының ішінде облыс, аудан, қала әкімдерінің, орынбасарларының, мекеме басшыларының жалақылары жоғары, ал қатардағы қызметкерлердің және қызметке жаңа келгендердің жалақысы мардымсыз. Бірақ олар ай сайын зейнетақы қорларына тиянақты жарна аударып тұрады. Ал жекеменшік секторлардағы кәсіпкерлер қол астындағы жұмысшылардың жалақыларын кешіктіріп беру, болмаса банкротқа ұшырау секілді үрдістер жиі болып тұрады. Осыдан кейін тиянақты зейнетақы қорына жарна аударып, 50 жасында зейнетке шығу дегенді түсінде көрмесең, өңінде көру деген қиямет қайымның қыл-көпірінен өткенмен бірдей шығар. Соңғы кездері зейнетақы жүйесіне қатысты түрлі статистикалық мәліметтер жариялануда. Қазақстандық және шетелдік зейнетақылардың салыстырмаларын көруге болады. Ұлттық экономика министрлігі, статистика комитетінің мәліметіне сүйенсек, 2018 жылғы есеп бойынша Қазақстанда 2 192 549 зейнеткер бар. Ал зейнетақының орташа мөлшері – 54 387 мың теңге болса, зейнетақының ең төменгі мөлшері – 33745 мың теңге.

Қазақстандағы жағдай қандай? Елімізде ерлер үшін биылғы зейнеткерлік жас – 63, ал әйелдер үшін – 58 жас, 6 ай. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының 11 бабы бойынша әйелдер үшін зейнет жасы 2027 жылға дейін 10 жыл ішінде жыл сайын 6 айға көтеріліп отырады. Әйелдердің зейнеткерлік жасының кезең-кезеңмен көтерілуіне зер салып көрсек:

2018 жылғы 1 қаңтардан – 58,5 жасқа толғанда;

2019 жылғы 1 қаңтардан – 59 жасқа толғанда;

2020 жылғы 1 қаңтардан – 59,5 жасқа толғанда;

2021 жылғы 1 қаңтардан – 60 жасқа толғанда;

2022 жылғы 1 қаңтардан – 60,5 жасқа толғанда;

2023 жылғы 1 қаңтардан – 61 жасқа толғанда;

2024 жылғы 1 қаңтардан – 61,5 жасқа толғанда;

2025 жылғы 1 қаңтардан – 62 жасқа толғанда;

2026 жылғы 1 қаңтардан – 62,5 жасқа толғанда;

2027 жылғы 1 қаңтардан – 63 жасқа толғанда шығатын болып тұр. Ерлердің зейнеткерлік жасымен теңдестірілген әйелдер бұл заңдылықтармен мүлде келіспейді. Қайта-қайта дабыл қағып, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова мен үкімет басшысы Әлихан Смайыловты мазалауда.

Бүгінде елімізде базалық, міндетті және ерікті деңгейден тұратын көп деңгейлі зейнетақы жүйесі жұмыс істейді.

2019 жылдың 1 қаңтарынан:

– базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері – 16 037 теңге;

– ең төменгі зейнетақы – 36 108 теңге;

– базалық әлеуметтік төлемдердің мөл-шерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейі – 29 698 теңге.

Базалық зейнетақы – зейнет жасына жеткен азаматтарға мемлекет тарапынан төленетін міндетті әлеуметтік көмек. Еңбек өтілі мен ерікті зейнетақы қорына жасалған аударымдарға тәуелді емес. Бұл жүйеде зейнетақы арнайы жинақтау қорынан немесе мемлекет бюджеті есебінен төленеді.

Міндетті зейнетақы жүйесінде жасына байланысты зейнетақыны тағайындау кезінде еңбек өтілі тек 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін ғана есепке алынады. Себебі осы күн-нен бастап барлық жұмыс істейтін адамдардың міндетті зейнетақы жар-наларының бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылуын көздейтін жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшу басталды. Бұдан бөлек, «Ерікті зейнетақы жүйесі – бар. Бұл үрдіс салымшылардың өзінің бастамасы бойынша БЖЗҚ-на және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына өзі үшін немесе үшінші тұлғалар салатын ақша. Ерікті жүйе жарналарының салымшылары ерікті зейнетақы жарналарын өзінің меншікті қаражаты есебінен жүзеге асыра алады. Бұл жүйеге кәсібін дөңгелетіп отырғандар салым салады. Ақпарат Tengrinews сайтынан алынған.

Мәселен Ресейде зейнетақының үш түрі бар. Олар: сақтандыру, әлеуметтік және жинақтаушы.

2019 жылғы мәлімет бойынша Ресейдегі зейнетақының орташа мөлшері:

– сақтандыру бойынша – 13 657 рубль (қазақстан теңгесіне шаққанда 83 717 теңге), мүгедек адамдарға – 13 349 рубль (81 829 теңге), әлеуметтік зейнетақы – 8 803 рубль (53 962 теңге) және соғыс ардагерлеріне – 30 мың рубль (183 900 теңге).

Ресейде ер адамдар 60 жас, әйелдер 55 жаста зейнетке шыға алады. Қазақстандағы ең төменгі зейнетақымен салыс-тырсаңыз, мүгедектерінің зей-нетақасы біздің 20-25 жыл еңбек етіп зейнетке шыққан аяқ-қолы бүтін азаматтардың алатын зейнетақысымен бірдей. Көрші Өзбек елінде де 25 жыл өтілі бар ерлер алпыста, жиырма жыл жұмыс өтілі бар әйелдер зейнетке ерте шыға алады. ТМД елдерінің ішінде зейнетке кеш шығатындар Армения мемлекетінде болып тұр. Мұнда ерлердің зейнетке шығу жасы 65, әйелдер 63 жаста, еңбек өтілдері 25 жыл болуы шарт екен. Мәселен, Ресейде ерлердің өмір сүру ұзақтығы 66, 9 жас, әйелдер 77,6 жас, Өзбекстанда, әйелдер 76,2 жас, ерлер 71,4 жас, Армениядa 2016 жылғы туу кезіндегі орташа көрсеткіш бойынша ерлердің жасы 71,6, әйелдердің жасы 78,3. Қазақстанмен салыстырсаңыз, өмір сүруі кезеңі Ресейде ерлер арасындағы айырмашылық бір пайыз болғанмен әйелдердің өмір сүру көрсеткіші жоғары болып тұр. Соның өзінде ерлердің зейнет жасы 60 жасты межелейді. Бұл көрсеткіш советтік кезеңде бар болатын. Миллиардтан астам халқы бар Қытай мемлекетінде экономика қарқынды дамыған. Онда халыққа қаржылық қолдау төменгі деңгейде. Visasam сайтының мәліметінше, Қытай халқының кейбірі ғана зейнетке шығуға құқылы. Оған бұрын мемлекеттік мемлекетті органдарда және қалада орналасқан ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарда жұмыс істеген адамдар ғана жатады екен.

Қытайда зейнетақы мемлекеттік бюджет тарапынан беріледі. Ал жеке зейнетақы қорлары бұл елде жоқтың қасы. Алайда едәуір көмектесетін арнайы жеңілдіктер қарастырылған. Зейнеткерлер коммуналдық төленетін зейнетақының аздығына қарамастан егде жастағы адамдарға күнделікті өмір сүруіне қызметтер мен қоғамдық көліктердегі төлемдерден босатылады, сондай-ақ, дүкендерде арнайы жеңілдіктер қарастырылған.

Қытай қарт адамдарға құрметпен қарауға атсалысады. Тіпті, оларға балалары, немерелері, туыстары қарайласады дейді. Ал Қазақстанда қарайласу былай тұрсын, безбүйректенген кей жанұялар әке-шешелерін қарттар үйіне өткізіп, зейнетақыларын алып отырғандары қаншама? Одан бөлек, жұмыссыз отырған жанұялар да үйдегі зейнеткерлердің, мемлекеттен алатын зейнетақысына күн көріп отырғандардың санап санына жете алмауыңыз бек мүмкін. Бар гәп, қоғамдағы шүйлігіп тұрған зейнет жасы төмендетіле ме, жоқ даурығып-даурығып, баяғы таз кепеш қалпында қала ма? Жыры мен мұңы бітпеген зейнет жасы қазірге түйткілді күйде қалып тұр.

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУДАН ТЫНЫСЫ

ӘСКЕРИ ОҚЫТУШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

Ақпараттандырылған ғасырда дамыған елдер қатарлы озық технологияның үздік жетістіктерін пайдалану уақыт талабына айналды. Биылғы қаңтар оқиғасында – халқымыздың ертеңге деген сенімін арттырып, дүрбелең кездегі Президентіміздің қабылдаған шешімі өте орынды.

8 мыңнан аса білім қызметкері бар, облыс деңгейіндегі үлкен ауданда Серік Дүйсебайұлы мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінде алғашқы әскери дайындық, дене тәрбиесі пәнінің методисі болса, кейінгі жеті жылдан аса кәсіподақ төрағасы қызметін абыроймен атқарып келеді. Жақында аудан басшыларының ұсынысымен С. Дүйсебайұлын Қоғамдық кеңес төрағасының басшысы қызметіне тағайындады.

ҚР Президенті ҚР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүргізіп отырған саясаты елдің елдігімен береке бірлігінің ынтымақ пен ырысының артуына, жастарды білім мен бірлікке, Отан қорғауға бастайды. «Алматы облысы білім беру мекемелер қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қамқорлық бірлестігінің Еңбекшіқазақ аудандық коми-теті филиалының төрағасы тәжірибесі мол білікті де білімді төраға Надырбаев Серік Дүйсебайұлын аудандағы ұстаздар қауымы ерекше сыйлайды, құрметтейді. Себебі ауданда Серік Дүйсебайұлы ұйымдастырған кездесу – жиындар ұстаздар мәртебесін қорғау, қолдау, зейнеткер ұстаздарды сыйлау, мереке күндерін атап өтуі өте ерекше. 2021 жылы алды он жылдан асқан танымал 10 зейнеткер алғашқы әскери дайындық АӘД пәні оқытушыларын ауданға шақырып, облыстық кәсіподақтың Алғыс хатымен марапаттап, сыйлықтар табыстады.

Сондай-ақ, жуырда Серік Дүйсебайұлының астыруымен өткізіл-ген ҚР Қарулы Күштеріне 30 жыл толуына байланысты шарада ерекше жетістігі бар аудандағы АӘД пәні оқытушылары облыстық Қорғаныс бөлімі бастығының Құрмет грамотасымен бірге, аудандық Қорғаныс істер бөлімі бастығының Алғыс хатымен марапатталды.

Кәсіподақ азаматтық қоғамның негізгі тірегі десек, артық айтқандық емес. Білім саласы қызметкерлерінің құқығын қорғап аудан ұстаздарының алғысын алып, сенімін арқалаған кәсіподақ төрағасы Надырбаев Серік Дүйсебайұлына аудандағы әскери шенді АӘД пәні оқытушылары атынан жұмысына шығармашылық табыс, отбасына амандық, деніне саулық тілейміз.

Әсет АЛЖАНБАЙ, ардагер ұстаз, «Білім беру ісінің үздігі».

РЕФЕРЕНДУМ

ХАЛЫҚ ТАЛАБЫН ТАП БАСУ ЖОЛЫНДА

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ ТАРИХЫНДА БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМНЫҢ РӨЛІ ЗОР. ӨЙТКЕНІ МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРҒЫДА МАҢЫЗДЫ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ЕЛ АЗАМАТТАРЫН ҚАТЫСТЫРА ОТЫРЫП ШЕШУ ӨЗ КЕЗЕГІНДЕ «ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТКЕ» ЖОЛ АШАДЫ.

Конституцияға енгізілетін өзгерістер қоғам мен мемлекетті одан әрі демократияландырып қана қоймайды, сонымен бірге құқық үстемдігін нығайтып, саяси жүйені түбегейлі жаңғыртады.

Негізгі заңдағы жаңартулар қолдау тапқан жағдайда Қазақстан басқарудың супер президенттіктен мықты Парламентке ие президенттік формаға көшіп, мемлекетімізде өлім жазасы мүлде болмайды. Ең бастысы, қарапайым азаматтар құқықтарының қорғалуы одан әрі нығайтылады. Жер, оның қойнауындағы байлық атаулы жұртшылыққа тиесілі болып, меншік құқығын халықтың атынан мемлекет жүзеге асырады.

Парламент жұмысы да біршама өзгеріске ұшырайды. Мәселен, Мәжілістің 30 пайызын халық тікелей сайлап, өздері таңдаған депутат сенімдерін ақтамаған жағдайда оның мандатын қайтарып алу құқықтары бар. Адам құқығы жөніндегі уәкілдің Конституцияда арнайы баппен айқындалуы да демократия қағидаттарын жоғары деңгейге көтерері хақ. Айрықша атап айтарлық жаңалықтың бірі, Конституциялық сот қайта жаңғырады. Қайта жаңғырады деуіміз Қазақстанда Конституциялық сот тәуелсіздік алған жылы құрылып, Конституцияны сот арқылы қорғаудың жоғары органы ретінде бекітілгені баршаға мәлім. Алайда бұл сот небәрі 3 жыл өмір сүріп, қолданыстағы Конституцияның қабылдануына орай жұмысын тоқтатты. Оның орнын басқан Конституциялық кеңес қызметі 27 жылға жалғасты.

Жалпы Конституциялық соттың құрылуын заң үстемдігін қамтамасыз етудегі ең ірі өзгеріске санауға болады. Осы тұста айтып өтерлігі, Конституциялық сотты құруды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты биылғы 16 наурыздағы жолдауында ұсынған болатын. Оның себебі, Конституциялық кеңеске қарағанда Конституциялық соттың құзыреті анағұрлым кең. Әрі азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудағы мүмкіндігі мол.

Нақты фактімен айтсақ, Конституциялық сотқа еліміздің әрбір азаматы, заңды тұлға, сондай-ақ, басқа да қоғам өкілдері өздерінің конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғаны туралы өтініш беруге құқылы. Егер азаматтардың қандай да бір заңның немесе нормативтік-құқықтық актінің Конституция талаптарына сай екеніне күмәні болса, құқықтарын қорғау жолында өз беттерімен Конституциялық сотқа тікелей жүгіне алады.

Ал Конституциялық кеңес мұндай мүмкіндік бермейді. Яғни, Конституциялық кеңеске жүгінуге мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар ғана құқылы. Конституциялық кеңес шешімдерінің заңдық тұрғыда күші болмауы да оның азаматтарды қорғау деңгейінің әлсіздігін көрсетеді. Ал Конституциялық сот шешімдерінің орындалуы міндет.

Қазақстанның ең қымбат қазынасы – адам мен оның өмірі, құқықтары, бостандықтары екенін ескерсек, Конституциялық сот Конституция талаптарының толығымен орындалып, сақталуының кепілі бола алатынын тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде-ақ дәлелдеген. Оның мұндай артықшылығын өркениетті елдердегі Конституциялық соттар тәжірибесі де көрсетіп отыр.

Ата Заң мен Конституциялық сот хақында ой өрбіткен соң жалпы сотқа қатысты да аз-кем тоқтала кеткен артық болмас. Бұлай дейтініміз, биылғы жылдың сот қызметкерлері үшін жаңалығы мол. Мысалы, Конституцияның бүкілхалықтық референдум негізінде түзетіліп, қабылданатыны, сондай-ақ, халық құптаса Конституциялық соттың құрылуы заңдармен тікелей жұмыс істейтін соттар үшін айрықша оқиға.

Осы ретте тағы бір айтарлығы, елімізде барлық сала қызметкерлерінің электрик, эколог, архивші, полиция, прокуратура, т.б. мерекесі, яғни, олардың құрметіне белгіленген арнайы күн бар. Ал соттар осы уақытқа дейін өздерінің төл мейрамдарын Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданған күн – 30 тамызбен байланыстырып келді. Мұндай құрметтен үшінші билік өкілдерінің тыс қалғаны көптен бері айтылып та, жазылып та жүрген еді. Талай жылдан бері көтерілген бастама бір шешімін тапты десе де болады. ҚР Жоғарғы Сотының қолдауымен Қазақстандағы мереке күндерінің тізбесіне өзгерістер енгізіліп, 24 маусым – «Сот және сот қызметкерлерінің күні» ретінде белгіленді.

Кәсіби мерекенің Қазақстан соттарының беделін арттыруда маңызы зор болары анық. Сот қызметкерлері күнінің 24-ші маусыммен байланыстырылу себебіне зер салсақ, ресми ақпараттар «Қазақ КСР-нің сот жүйесі туралы» заңына дәл осы күні сот төрелігін тек сот қана жүзеге асыратыны туралы өзгерістер мен толықтырулар жасалғанын көрсетіп отыр. Республика соттарын ҚР Жоғарғы сот пен жергілікті, яғни, облыстық, қалалық, аудандық және әскери соттар құрайтыны осы заңмен нақтыланған. Демек, Қазақстан соттарының төл мерекесі ретінде 24-маусымның таңдалуы кездейсоқтық емес.

Осыған орай, барша сот қызметкерлері мен әріптестерімді алдағы төл мерекемізбен құттықтаймын. Отбасыларына амандық, еңбектеріне табыс тілеймін.

Конституцияға жасалар толықтырулар халқымыздың заң үстемдігін, халықтың құқықтық қорғалуын, т.б. жағдайларын қамтамасыз ету мақсатын көздейді. Сондықтан ел болашағы үшін референдумға бір кісідей атсалысуға тиіспіз.

Жанар ИБРАГИМОВА, Алматы облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы.

Дүйсенбі - Понедельник, 6 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 «Masele»
07.00 «Tansholpan»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 02.40 AQPARAT
10.10 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 Т/х «Орман иесі»
13.10 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Футбол. Ойындарға шолу» Чехия-Испания
15.25 «Ауылдастар»
16.00 «Көңіл толқыны»
17.15 «Шабдалы 18»
18.00 «Гүлдер құпиясы»
20.35 «Ashyq alan»
21.30 «Орман иесі»
22.30 «Жат мекен»
23.25 «1001 түн»
00.35 «Футбол. УЕФА» Хорватия-Франция

ХАБАР

05.00, 18.00 Мегахит «Амнезия»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 16.00 Кино
12.00 «Жаңалықтар»
12.10 Т/х «Детектив Әже»
13.00 «Новости»
13.10, 22.30 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда-2»
15.00 «Бүгін»
16.00 Кино «Рывок»
18.00»Мегахит»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Вторая республика»
20.50 «На особом контроле»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «ТҰМАР»
22.30 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда-2»
00.00 «Народный контроль»
00.30 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «КЭБЭК»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кекеш келін»
11.30, 01.45 Т/х «Қызғалдақ»
12.40, 23.45 «Қорғансыз ханшайым»
13.50 Х/Ф «My love is Aisulu»
15.40 Х/Ф «Рекитир»
17.35 Т/х «Кішкетай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Өткінші жаңбыр»
20.00, 03.20 «Astana Times»
21.00 «Әйел тағдыры»
02.25 «SarapTimes»
04.20 Үздік әзілдер

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.00 «Тамаша City»
06.45 «Той Заказ»
07.15 «Жить здорово»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Шурик против Шурика»
11.00 Сериал «Скажи мне правду»
14.00, 02.15 «НОВОСТИ»
14.15, 02.30 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 «Главные новости»
20.40 Сериал «Ментовские войны-9»
00.25 Сериал «Тот, кто читает мысли»
01.20 «Зорге»
02.45 «Паутина»
04.45 «Той заказ»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.25 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
09.00 Т/х «Мұңды ызғар»
11.00 Т/х «Бақыт жолында»
12.20 «Было дело»
13.30 «Ты только верь»
17.30 «Мой мужчина, моя женщина»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 OZAT ОТБАСЫ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Пленница»
23.40 «Ловушка»
01.10 «Наследники»
02.35 «Мұңды ызғар»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Апта
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Сыр шертер»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости
13.30 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 «Жанашыр»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Референдум-2022»
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Дәрігер кеңесі»
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00 Ризамын
07.30, 02.30 «31 әзіл»
08.30, 01.00 Сериал «Ханшайым»
09.30 «Күліп ALL»
10.00 М/с «Лекс и Плу»
10.30 М/с «Маша и медведь»
12.00, 13.00 Т/с «Кухня»
14.00 М/ф «Капитан саблезуб и сокровища Лама Рама»
18.00 Кино «Одноклассники»
20.00 Информбюро
21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
21.55 Худ/ф «Максимальный риск»
00.00 Сериал «Анупама»
01.40 Сериал «Базарбаевтар»
04.00 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.40, 02.10 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.10 «Серт пен Сезім»
08.10, 22.30 Т/х «Қадам»
09.00, 16.30 Сериял «Родком»
10.00, 17.30 Сериял «Женский доктор»
11.00, 19.30 Сериял «Горячая точка»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Q-ЕЛІ»
14.30 «Зың-Зың Күлпәш»
15.20, 01.10 «Гадалка»
18.30, 00.10 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.30 Т/х «Salem men Nurlan Koyanbaev»
23.10 Т/х «Әкесінің баласы»
00.40 «Студия 7»
02.40 «Тамаша»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна Online»

Сейсенбі - Вторник, 7 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 02.40 AQPARAT
07.00 «Tansholpan»
10.10 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 Т/х «Орман иесі»
13.10 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Футбол. Хорватия-Франция»
15.25 Деректі Фильм
15.50 «Қазақтар»
16.25 «Көңіл толқыны»
17.15 Шабдалы 18»
18.00 «Гүлдер құпиясы»
20.35 «Ashyq alan»
21.30 «Орман иесі»
22.30 «Жат мекен»
23.25 «1001 түн»
00.35 «Футбол. Германия-Англия»

ХАБАР

05.00, 18.00 Мегахит
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 16.00 Кино
12.00 «Жаңалықтар»
12.10 Т/х «Детектив әже»
13.00 Новости
13.10 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда-2»
15.00 «Большая неделя»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Екінші республика»
20.50 «Ерекше бақылауда»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «ТҰМАР»
00.30 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «КЭБЭК»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 01.45 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.45 «Қорғансыз ханшайым»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Қағаз кеме»
15.00 Х/ф «Рекитир-2»
17.35 «Кішкентай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Өткінші жаңбыр»
20.00, 03.20 «Astana Times»
21.00 «Әйел тағдыры»
02.25 «Айтарым бар»
04.20 Үздік әзілдер

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.50 «Тамаша city»
06.45 «Той Заказ»
07.15 «Жить здорово!»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.05, 00.20 «Тот, кто читает мысли»
13.05 «Старшая дочь»
14.10, 02.15 Новости
14.20, 02.25 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 Сериал «Ментовские войны-9»
01.20 «Зорге»
02.35 «Паутина»
04.35 «Той заказ»

КТК

07.05 OZAT ОТБАСЫ
07.50 «Кешкі жаңалықтар»
08.15 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
09.00 «Мұңды ызғар»
11.00 Т/х «Бақыт жолында»
12.30 «Было дело»
13.30, 23.40 «Ловушка»
15.20 «Пленница»
17.30 «Мой мужчина, моя женщина»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 OZAT ОТБАСЫ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Пленница»
01.10 «Наследники»
02.35 «Мұңды ызғар»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
10.40 «Референдум-2022»
10.55 «Қазақ үні»
11.30 «Жанашыр»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Арнайы репортаж»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Сегодня» /прямой эфир
20.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Референдум-2022»
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30, 01.30 Сериал «Ханшайым»
09.30, 02.50 «31 әзіл»
10.00 М/с «Лекс и Плу»
10.30 М/с «Маша и медведь»
11.50, 12.50 Т/с «Кухня»
13.50 Худ/ф «Максимальный риск»
15. 50 Худ/ф «Одноклассники»
18.00 Худ/ф «Одноклассники-2»
20.00 Информбюро
21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
21.55 Худ/ф «Маска Зорро»
00.55 Сериал «Анупама
02.10 Сериял «Базарбаевтар»
04.40 Сериал «49 күн»
04.00 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.40, 02.10 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.10 «Серт пен Сезім»
08.10, 22.30 Т/х «Қадам»
09.00, 16.30 Сериал «РОДКОМ»
10.00, 17.30 Сериал «Женский доктор»
11.00, 19.30 «Горячая точка»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Q-ЕЛІ»
14.30 «Зың-Зың Күлпәш»
15.20, 01.10 «Гадалка»
18.30, 00.10 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.30 Т/х «Salem men Nurlan Koyanbaev»
23.10 Т/х «Әкесінің баласы»
00.40 «Студия 7»
02.40 «Тамаша»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна Online»

Сәрсенбі - Среда, 8 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.40 AQPARAT
07.00 «Tansholpan»
10.10 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 Т/х «Орман иесі»
13.10 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Футбол. Ойындарға шолу. Германия-Англия»
15.30 «Ауылдастар»
17.15 «Шабдалы 18»
18.00 «Гүлдер құпиясы»
20.35 «Ashyq alan»
21.20 «Бақытсыздар бағы»
22.30 «Жат мекен»
00.35 «Футбол. УЕФА лига. Бельгия - Польша»

ХАБАР

05.00, 18.00 Мегахит
07.00 «Оян!»
10.00, 16.00 Кино
12.00 «Жаңалықтар»
12.10 Т/х «Детектив әже»
13.00 Новости
13.10, 23.30 Т/х «Рауза»
15.00 «Бүгін»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Біздің назарда»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «ТҰМАР»
22.30 «Не Хабар?»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «КЭБЭК»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 01.45 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.45 «Қорғансыз ханшайым»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Қағаз кеме»
15.00 Сериал «Бикештер»
15.35 Х/ф «Ликвидатор»
17.35 «Кішкентай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Өткінші жаңбыр»
20.00, 03.20 «Astana Times»
21.00 «Әйел тағдыры»
02.25 «Айтарым бар»
04.20 Үздік әзілдер

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.50 «Тамаша city»
06.45 «Той Заказ»
07.15 «Жить здорово!»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.05, 00.20 «Тот, кто читает мысли»
13.05 «Старшая дочь»
14.10, 02.20 Новости
14.20, 02.35 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 Сериал «Ментовские войны-9»
01.20 «Зорге»
02.35 «Паутина»
04.35 «Той заказ»

КТК

07.05 OZAT ОТБАСЫ
07.50 «Кешкі жаңалықтар»
08.15 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
09.00 «Мұңды ызғар»
11.00 Т/х «Бақыт жолында»
12.30 «Было дело»
13.30 «Ловушка»
15.20 «Пленница»
17.30 «Мой мужчина, моя женщина»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «OZAT ОТБАСЫ»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Пленница»
23.40 «Ловушка»
01.10 «Женские секреты»
02.50 «Мұңды ызғар»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
10.40 «Референдум-2022»
11.00 «Сегодня»
11.30 «Бүгінгі дін»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир
20.00 «Мамандық маңызы»
20.15 «Қасиетті Қонаев»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Референдум-2022»
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00, 02.20 Әзіл студио
07.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30, 01.00 Сериал «Ханшайым»
09.30 М/с «Маша и медведь»
11.00, 12.00 Т/с «Кухня»
13.00 Кино «Одноклассники-2»
15.00 Х/ф «Маска Зорррро »
18.00 Кино «Отличница легкого поведения»
20.00 Информбюро
21.00 Честно говоря
21.10 Сериал «Ұшқан Ұя»
22.05 Худ/ф «Легенда Зорро»
00.00 Сериал «Анупама»
01.40 Сериал «Базарбавтар»
04.00 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.40, 02.20 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.10 «Серт пен Сезім»
08.10, 22.30 Т/х «Қадам»
09.00, 16.30 Сериал «РОДКОМ»
10.00, 17.30 Сериал «Женский доктор»
11.00, 19.30 «Гроячая точка»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Q-ЕЛІ»
14.30 «Зың-Зың Күлпәш»
15.20, 01.20 «Гадалка»
18.30, 00.15 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.30 Т/х «Salem men Nurlan Koyanbaev»
23.10 Т/х «әкесінің баласы»
00.40 «Студия 7»
02.40 «Тамаша»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна Online»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МӘДЕНИ ШАРА

АЛМАТЫДА кітап жәрмеңкесі өтті

Жуырда әсем қала Алматының төрінде «Кітап жәрмеңкесі» өтті. Іс-шараға әр түрлі баспагерлер мен алыс-жақын Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан елдерінен арнайы делегация келіп, 60-қа жуық отандық баспалар мен кітап дүкендері қатысып, өз еңбектерін оқырман назарына ұсынды. Ашық аспан астында өткен мәдени шара Шоқан Уәлиханов атындағы алаңда ұйымдастырылды.

Мәдениет және спорт министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі, Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының ұйымдастыруымен өткен іс-шара кітапсүйер қауымның көңілін бір сергітті. Мәдениет министрлігі мұрындық болған мәдени мұралардың көрмесі мұнда келушілерді бірден өзіне баурап алды. Мұндағы қатары тізілген ақ шатырларға отандық баспалардың кітаптары қойылды. Айтулы жәрмеңкеге Мәдениет министрі Дәурен Абаев пен Алматы әкімі Ерболат Досаев арнайы қатысты.

Көтеріңкі көңіл-күймен жалғасқан жәрмеңкеде қала қонақтары мен тұрғындары түрлі жарыстарға, зияткерлік викториналарға қатысып, жеңімпаздарға кітап себеттері табысталды. Сонымен қатар іс-шара барысында Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының «Сирек кітаптар мен қолжазбалар мұражайы» экс-понаттары ұсынылды. Қызығушылық танытқан жандар XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында шыққан

Алаш қайраткерлерінің түпнұсқа кітаптарымен танысты. Аталған үш күн ішінде баспа ісін, балалар және заманауи әдебиеттерді дамыту бойынша дөңгелек үстелдер өтіп, білікті мамандар осы тақырыптарды талқылап, кітапсүйерқауымға пайдалы ілімдерді де сіңірді. Жәрменкені өткізудегі басты мақсат та осы болған. Кітап мәдениетінің дамуына серпін беріп, оқу мәдениетін қалыптастыру жолында дәнекерлік таныту және кітап нарығындағы түйткілді мәселелердің оң шешілуіне үлес қосу.

Үш күнге созылған кітап жәрмеңкесі келер ұрпақтың кемелденуіне, бәсекеге қабілетті, білімді қоғамның қалыптасуына зор ықпал етеді дейді ұйымдастырушылар. Құнды кітаптар көрмесін жылда ұйымдастырып тұру – келер жылы да өз жалғасын таппақ.

* * *

Жәрмеңке тек сатылыммен ғана шектелмей, сонымен қатар прозаға, поэзияға қызығушылығы бар жандарға үлкен мүмкіндік сыйлады. Кітапсүйер қауым белгілі ақын-жазушылармен кездесіп, олардың шығармаларын алып, естелікке қолтаңба да қойғызды. Отандық эстрада әншілері мерекелік концерт беріп, халыққа керемет көңіл-күй сыйлады.

Айтулы іс-шараға Жетісу өңірінен арнайы келген бір топ ақын «Жетісу қызғалдақтары» атты жыр кешін өткізіп, жиналған жұрттың жүректерін тебірентіп, іштегі сезім, көңіл-күйлерін ақтарды.

Аппақ көңіл, арман жырларын арқалаған әсерлі кеште сәнлақ Сара мен Марфуғанның, Қанипа мен Зайданың сіңлілеріміз деп өздерін таныстырған Роза Сейілхан, Гүлбақыт Қасен, Жазира Бақаева және Самал Зікірияқызы бастаған аға буын ақын қыздар кеш шымылдығын түрді.

Өлең деген – әрбір адам түсіне бермейтін, бекзат өнер. Жыр жазу екінің бірінің маңдайына бұйыра бермейтін ерекше қасиет. Халқымыздың арғы-бергі поэзиясында айшықты қолтаңбасы қалған, қазақ поэзиясын белгілі бір деңгейге көтеруге үлес қосқан ақындардың ғұмырдариясы әр түрлі. Сондықтан да олардың табиғаты – қарапайым адамдардан өзгеше. Оны ақындықты түсінетін, киелі өнерді қадірлейтін жандар жақсы біледі. Іштегі әрбір сезімін өлең жолдарымен өрнектеген ақындардың шығармалары алаңға жиналған кімнің болмасын жүрек тұсын елжіретіп, поэзияға деген қызығушылығын одан сайын оятты.

Ақынның жазған өлең-жыры екінші бір жанның көңіліне қуаныш сыйлап, жанарынан тамшы жасты сүртуге ықпал етсе, нағыз бақыт, үлкен қуаныш сол болар.

«*Екі ішектің бірін қат-ты, бірін сәл-сәл кем бұра,*

Нағыз қазақ, қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра!» деп, Қадыр Мырза Әли айтқандай, әсерлі жырлы кеш әуезді әнмен жалғасты. Бұл да алматылықтарға Жетісу жерінен алып келген үлкен тарту-таралғы болды. Несіпбек Айтұлының сөзі-не жазылған Тұрсынжан Шапайдың әні «Дариға Дәурен» әнін Нұржан Мәулен есімді әнші жоғары деңгейде орындап шықты.

Әуезді ән мен поэзияға сусындаған халық келесі кезекте орта буын өкіл-дерінің өлеңдерін ұйып тыңдады. Әсел Оспан, Ақбөпе Жиенқұлова, Торғын Тұрлыбаева, Сағыныш Намазшамова бастаған екінші толқынның шығармалары өзінің өрнегімен, ерекшелігімен бағалы болғандай. Ақындардың әрқайсысының өлеңі санаға өзіндік ой тастап, шынайы, боямасыз қазқалпында өтіп жатқан ғұмырды бейнеледі. Орта буынның жырларын тыңдап тұрып, поэзия кеңістігіне терең бойлағанда алапат күйге бөленіп қана қоймай, шексіз бір кеңістікке түседі екенсің.

Әдемі әдеби атмосфераның жалғасы тағы бір әуезді әнмен жалғасты. Кенен Әзірбаевтың «Бастау» атты әнін орындаған Назира Асқар есімді әнші қыз қазақтың ұлттық киімі және қара домбырасымен сахнаның ортасында сән құрып, жиналған қауымды өзінің қоңыр даусымен тәнті етті.

«Жетісу қызғалдақтарының» әсерлі кешін Әмина Адайхан, Мағрипа Сандуғаш, Алуа Асқарқызы бастаған ақын қыздар жалғады. Жас болса да өздеріне тән өр мінездерімен, шығармашылық қабілеттерімен көзге түскен жандардың поэзия әлемінде өзіндік қолтаңбалары қалыптасқаны байқалады. Ойға орамды, тілге жеңіл болған жырлары кез келгеннің жүрегіне жол табары сөзсіз. Өлең жарықтық жүректегі тебіреністен, махаббаттан, толқудан туады. Кез келген өнер адамының шығармашылық шеберханасы, шабыт шақырар құт-мекені болатыны секілді, мұнда тұрған әрбір ақын қағазға түсірер сиясын ерекше толқумен жазып шығады.

Әдебиет майданында жүрген ақындар мен жазушыларға кейде қарап тұрып, «Япыр-ай, осыншалықты керемет шығар-малар қайдан туады?» деп таңдай қағатын сәттер болады. Алайда шығармашылық адам болғандықтан ақындардың

өзіндік «Менінің» болуы заңды құбылыс. Әркім өзінің іштегі сырын, ойын жыр ғып жазып, өзінше жеткізеді.

Әсерлі жырларды естіп, немесе оқып отырып «*Жүрегіне төркіндетпей көктемін, Көкбеттенген жындымын!*», «*Адамдардың бәрі мейірімсіз*» деген секілді өлең жолдарын да байқап қалуыңыз бек мүмкін. Мұндайда оқырман ойында «мынадай сөздер неге айтты», «осындай өлең жазуына не себеп болды» деген іштей сұрақтар мен ойлар мазалап тұрары анық.

Өлең – бір мезеттегі көңіл-күймен жазылатын құбылыс болғандықтан ондайға бірден мән бермеу керек. Сондықтан оны оқып отырып, мына ақынның ойы, көзқарасы сондай екен деп пікір қалыптастыруға да болмайды. Ақын өлең жазғанда ақын, ал күнделікті өмірде қарапайым адам. Өлең түсіне білген адамға жан дүниеңдегі арпалыс, шынайылық, қарсылық, ішкі жалғыздығыңмен күресу секілді сезімдер таныс болады. Жыр кешінің әсерлі өтуінің себебі де осы – бір-біріне мүлде ұқсамайтын ақын, ерекше өлең жолдары.

Жыр кешінің соңы «Жетісу қызғалдақтары» әнші қыздарының гитарамен сүйемелденген әдемі әнімен аяқталды. Жиналған жұрт қарасы көбейіп, іштерінде тағы жалғасса екен тілек білдірушілер де болды.

Көктемнің қоңыр салқын ауарайына қарамастан өткен жыр кеші өнерсүйер қауымды тәнті етіп, бір серпілтіп жіберді. Мәдени шарада өткен бір жарым са-ғат жиналған көпшілікке аз ғана уақытта зымырап өтіп кеткендей әсер қалдырды.

Біздің қазаққа ақындық – жақын өнер. Соның ішінде осы нәзікжандылардың поэзиясы жоғары бағаланады. Кезіндегі Фариза, Күләш, Зайда апаларымызды айтпағанда, олардың ізін жалғаушы ақындарымыздың жүрекжарды туындылары қалың оқырманның жүрегіне жол тауып, рухани азық болып келеді.

Хан тәңірі, мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаев: «*Өлең деген тумайды жайшылықта, өлең деген тулайды қайшылықта*» дегендей, ақындардың жырларынан сырға толы мұңды да, қуанышты да, ішке сыймай тұрған түрлі сезімді аңғаруға болады.

Әдеби, рухани азықпен сусындаған халық мұндай іс-шаралардың жиі өткізіліп тұрғанын қалайды. Ашық аспан астындағы жыр кеші өзіндік жүректерге жол тауып, керемет әсерімен елдің есінде қалды. Шара соңына жиналған қауым ақындармен суретке түсіп, етене жақын танысып, сыр шертісті.

Арайлым НҰРЖАПАР
ТАЛДЫҚОРҒАН-АЛМАТЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

ШЫМЫЛДЫҚ

Мейрамхананың алдына зулап келіп тоқтаған көліктен түсіп, ішке кірді. Пах, неткен керемет зал! Баяу әуен ойнап тұр. Скрипка үні.

Скрипка үнін сүйетінін біліп қойған ба?.. Босағадан озып, төрлетті. Үп-үшкір өкшелі аяқ киімі тық-тық етеді.

Қып-қызыл раушан құшақтап күтіп тұр. Смокинг. Нәзіктік пен өткірлікті қатар сездіретін әтір. Тууууй, топлиын айт. Лактанған былғары...

Келе жатқан аруын танып, бойшаң, кең иықты сұлтаны кеудесін кере қарсы алуға ыңғайланып, құшағындағы раушанды қисайта, гүлдерді күректей сол алақанына жатқызып, он қолымен буылған жіңішке белінен аялай қыса түседі...

Жақындап келіп, қарсы алдына іркілді. Сырғасы зәулім сарайдың сансыз шамдарынан төгілген жарықпен шағылысып, мың құбыла ойнайды. Үстіндегі көгілдір көйлегі құйып қойғандай жарасымды. Мықынын айшықтай, кіндігіне қарай құлдилап келіп, төмен қарай жайыла төгілген етегі соншама әсер қалдырып, жұтындырып тұр. Бұл екі жақтағы екеуге айтқан жеңгелерінің ертегісі еді.

...Бүгінгі түн, екі пендеге ұйқысыздық тарту етті. Батыста Батай, Шығыста Шатай төсегінде аунақшып, біріне-бірі қанатсыз жетіп, қиялмен қосылды.

...Таң да атты, әйтеуір, зарықтырып.

– Әй, жүгермек, тұр! Бүгін қызбен кездесуге барасың! – деді, есігінен өтіп бара жатып, жеңгесі жүре айғайлап. Ұйқысыз таң күткенін қайдан білсін?!

...Тың-тың ете қалғаны сол еді, телефонын жұлып алды. Хат. Жеңгесінен.

«Ертерек тұр. Дайындал. Кездесуге барасың, ұмытпа!»...

Батыстағы Батай, беті-қолын жуып, жылқылардың жайын бақылауға, сыртқа шықты. Қолындағы айырымен үйілген шөмелені гіршілдете шаншып, осқырына тыпыршыған жылқылардың алдына лақтыра салды да, айырын сүйеу тұтып, тұрып қалды. Қалықтап барады. «Сырғасының сыңғырыау!..»

– Әй, Батай, немене мелшиіп тұрсың? Өййй, сорлы! Қалындығыңды қиялдап тұрсың ба?

Жанына жетіп келген жеңгесі құйрығына аласа стөлін қоя, бір білегіне іліп алған шелегіне күп-күп етқізіп, бие сауа бастады.

– Жоқ! Түк те ойлап тұрған жоқпын!..

Міңгірлеп ақталғаны күлкілі болды ма, әлде мына зымиян жеңгесі ойын оқып қойды ма, кім білсін, ішек-сілесі қата күліп, еңкейе итеңдеп, қолындағы шелегін жерге әзер қойып, сол шелектегі саумалға батып кетердей екі қолын тірей, басын батыра, тізерлеген күйі шиқылдай тұншыға күледі.

Өзінің күлкіге айналғанына ашуланған Батай қолындағы айырын серпи лақтырып, бұрыштағы шөмелеге шанши салды да, тырпылдай басып, бұрқылдай сөйлеп, үйге беттеді.

– Адамды ит қылып!.. – деді міңгірлеп.

– Өййй, қайда барасың? Моншаға түс. Андағы тұяғыңды, ой, Құдай-ау, не деп тұрмын? Андағы қолыңды ыстық суға әбден батырып, езіп жу!

...Тууй, кеше көп сөйлеп, артық айтып, әбден қияли қылып қойдым-ау мынаны.

Өзімнің сүйіктіммен, осы можбанның ағасымен кездескен күнімді еске алып, ертеңгі кездесудің қандай болатынын болжап, онсыз да жарты ми сорлыны, жарты қылдым ба?!.

...Шығыстағы Шатай, кеше жеңгесі сатып алып келген, дәу-дәу жапырағы бар,қызыл гүлдер суреттелген қоңыр көйлегін киді. Апасының көзі, үлкен күміс сырғасын алды сандықтан. Оюлы білезігін де тағып алды.

Шашын арқасына қарай ұзақ тарап, бұрап-бұрап,шиыршықтай айналдырып, желкесіне үйді де, темір шпилькалармен әбден түйреді. Қобырап, мандайынан айғайлаған балапан шаштарын түкіріктеп, артқа қарай жатқызды да, кепкен соң, қайта қобырап шыға келетінін біліп, вазелин жағып, жатқызып қойды. Батыстағы ауылдан шығып, орталыққа қарай жүйткіп келе жатқан кішкентай автобустағы сығылысқан елдің ішінде, белдемше темірлерге жанталаса жармасып, Батай да келеді.

Шығыстағы ауылдан суырылып, ойдым-ойдым жолмен ыршып түсіп, шойқандай шаңдатып келе жатқан кішкентай автобуста, белдемше темірге жанталаса жармасып, қалың елдің ішінде сығылысып, Шатай да келеді.

Сағат түскі бірде «Аққу» асханасының алдында тоқайласқан екі қатын, құшақ айқастыра амандасты. Сағынысып қалғандарын айтып, ұзақ тұрды.

Екеуінің артқы жағынан біріне-бірі ұрлана көз тастап қойып, екі жүрек үнсіз үндеседі...

Ас мәзіріне үңіліп, екі әйел ұзақ отырды да, лағманнан бастап, тәттілермен аяқталатын дастарқанға тапсырыс берді. Көп күттірмей келген тамақты үлестіріп, ақ шәйнектегі шайды Батайдың жеңгесі алдына қойып, құя бастады. Аузы жабылмай шүйіркелесіп отырған екеудің қасына ере келген тағы екеу, әңгімеге араласпай, төмен қарап отыр. Етегіндегі қылды теріп, оны қайта етегіне аунатып, айналдыра дөңгелетіп отырған қалыңдық төмен тастаған көзін көтерместен, өзімен-өзі, жеке отырған күйі.

Айналасына бажайлай қарап, таңдана көз салып отырған күйеу жігіт, жанарын арлы-берлі аударған сайын, желкесіне түйілген шашына; жасыл жапырақты, қызыл гүлді қоңыр көйлегіне; сары алтынмен оюланған күміс білезігіне кезек-кезек зер салады қыздың.

– Әй, құрсын, екеуміз әуелі, мына екеуін ұмытып кетіппіз ғой, – деп, Шатайдың жеңгесі келген шаруасы енді ғана есіне түскендей жүздерін күн торып, жел қаққан екеуіне қарады.

– Соны айтам десеңші! Танысыңдар, жастар! – деді күле сөйлеп. Екеуінде үн жоқ.

Бұлардың жуықпан арада таныса қоймайтынын ұққан жігіттің жеңгесі сөз бастады.

– Мынау Батырбек! Жасы отыз екіде. Он екіде бір гүлі ашылмаған сұр бойдақ! – деді, тырқылдай.

– Біздің қыздың аты – Шаттық! Жасы отыз бірде, – деді іліп алып, қыздың жеңгесі.

Әлгі екеудің бұлармен ісі жоқ! Жігіті есік жаққа тесіліп, кірген- шыққанды көзімен қарсы алып, шығарып салып отыр. Қыз етегінен әлденені шымшып суырып, төмен қараған күйі, қозғалмайды.

– Алла-ай, таныссаңшы! Бер қолыңды! – деді жеңгесі шыдай алмай Батайға. Қоп-қоңыр, күстеніп кеткен қолы жаңа ыстық суға батырып, тырнап-тырнап жуғаннан қарақошқылданып серейіп қалыпты, тауықтың тұяғындай.

Апасы қоярда қоймай қойдың майын жағып беріп еді. Қашаннан шөлдеп, ылғал көрмеген терісі жұтып алыпты түк болмағандай. Тартына-тартына қолын созып:

– Батай! – деді міңгірлей.

Етегіне есі кете шұқшиған қыз, сол қалпымен, көзін де көтерместен:

– Шатай! – деді естілер-естілмес.

Екі жеңге шиқылдап күлсін келіп...

Бүйіріне тығып алардай, бар күшімен қолын итере, өзін-өзі бүктей күлген Батайдың жеңгесі, шиқ-шиқ... шиқ-шиқ ете, тұншыға күледі.

Орамалының бір ұшымен бетін жаба, үнсіз бүлкілдеген Шатайдың жеңгесі үнін шығармастан селкілдейді. Әншейінде, бір кесе кеспені басына көтере төңкеріп алатын Батай лағманын тартып, қайта тастап, аузына апармай әуре болды да қалды. Шатай түрткен де жоқ, алдындағы асты.

– Сендер далаға шығып, серуендеп қайтыңдар! Ана жерде балмұздақ тұр. Шатайға алып бер! – деп, жеңгесі қайнысының қалтасына ақша салды да, сыртқа қуды. Үн-түнсіз көтеріліп, есікке беттеген жігіттің соңынан, жерге шұқшиған күйі, үн-түнсіз Шатай да еріп кете берді.

– Енем он бес құрсақ көтеріпті. Барлығы оқыған. Қызметі, тіршілігі бар. Үйленбеген екі қайным бар. Біреусі осы. Кенжесі үш жыл бұрын институт бітіріп, «Ағамның жолын кеспеймін!» – деп жүр. Ақыл-ойы толық болмағанымен, анау айтқандай ақымақ емес. Мал-жанның барлығы осының мойнында. Тастай етіп ұстап отыр. Жолдасымның қызмет бабымен көшпек болып, қанша оқталсақ та, енем жібермейді.«Келін келмей, ешқайда бармайсыңдар!» – деп, шегелеп қойды. Байғұс, бала күнінде көп ауырыпты.

Кейде басының сақинасы ұстап, сандырақтап жатып қалады. Ес-түссіз жатып айтқан сөздеріне қу жаның шыдап тұра алмайсың. Таңдайы тақылдаған шешендер де дәл солай сөйлей алмайтын шығар. Бірақ, есін жиған соң, есінде түк қалмайды, – дейді Батайдың жеңгесі.

– Менің енем күйеуінен ерте жесір қалыпты. Бар-жоғы екі-ақ бала. Күйеуім екеуміз көрші ауылда тұрамыз. Енем, осы қызымен, «Күйеуім соғып берген үйден кетпеймін!» – деп қасарысып, жылжымай қойды. Ол ауылда мектеп жоқ. Жолдасым көрші ауылдағы мектепте директор. Мен де сол жерде істеймін. Былтыр кетті, енем марқұм. Мына қызды байлап әкеліп, шынжырлап қойсақ та қашып кетіп, сол үйге орала береді. Ешқандай ауытқушылығы жоқ. Тек, бала күнінде қатты суық тиіп ауырып, дәрігерлердің қателігінен салған системалары кері әсер береді де, тілінен айырылып қалыпты. Келе-келе баяу, былдырлап сөйлеген екен. Алғаш түсініксіз болғанымен, бірте-бірте үйреніп, түсініп кетесіңдер! Өте пысық, тыңғылықты, – дейді Шатай-дың жеңгесі.

...Сонау, жас күндерінде институтта бірге оқыған екі құрбы, бүгін екі періште жандарға жанашыр болып келіп, жүздесті. Әңгімелері таусылмай, талай уақыт отырған екеуінің есіне кенет тағы екеу түсті. Бірін-бірі итере далаға жүгірген екеу есікке кептеліп барып, сыртқа ыршып түсті. Біріне-бірі арқасын бере, екі жаққа қарай жанталаса көз салады. Жоқ! Екеуі, екіге бөлініп, «Аққу» асханасын айнала жүгіріп кетті. Жолшыбай кездесіп қалып, жанай өте шыққанымен, жүгірген күйі есіктің алдында қайта тоқайласты.

– Қайда?..

– Қайда?..

Екі келіншектің зәрелері ұшқаны сонша, жүздерінен қан қашып, бозарып кетіпті.

...Күллі әлемнің әжуасынан бейхабар екі міскін қол ұстасып, балмұздақ жеп, «Аққу» асханасын бетке алып келеді...

– Қызды ұнаттың ба?

– Ұнатпағанда!

– Әй, не дегенін түсіндің бе?

– Түсінбегенде! Сүйгенді түсіну үшін тіл емес, жүрек керек!

– Пәлі! Мынаның сөзін қарай гөр!

* * *

– Апа, той қамына кірісейік!..

– Қалай, жігітің ұнады ма? Ей, қу қыз, жауап берсеңші! Айта ғойшы... Тууу, қызарып кетті өзі. Ұялғаның қандай сүйкімді. Не дейін енді, Батайдың жеңгесіне не деп жауап берейін? Айтшы, Шатай! Тойға қамданайық па?

Басын изегенін көр мынаның... Күнім сол! Жүрегіңнен айналдым, дүрсілдеп тұрған. Қарашы, сыртыңа естіліп тұр!

...Үлбіреген аппақ, шілтерленген жібекті құйылтып, Батайдың бөлмесіне шымылдық тартылды.

Ене мен келін бір күліп, бір жылап жүріп, бөлмені босатты. «Қыз жабдығын әкелеміз! Босатып қойыңыздар!» – деп, хабар берген соң...

...Жалғыз қарындасынан аянып қалары жоқ, ағасы келіншегінің айтқанына қарсы келмей, қалағаны мен таңдағанын сатып ала берді. Туыс-туған жиналып, шешесі тігіп кеткен көрпелерін алдымен түйді, оюлы текеметке. Аппақ арқанмен буып, түйіншектің бетіне күміс бұйымдар мен қымбат материалдар тастады да, түйіншектің түйіскен жеріне үлпілдеген аппақ үкіні қадай түйреді. Жылқы сойып, абыр-дабыр болған ел екі тайқазанды қатар қайнатты бүлкілдетіп. Ыпыстық бауырсақтар бүйірі бұлтиып, қып-қызыл күйімен дастарқанға құлап жатыр.

Өткенде ғана алған бағалы ыдыстарын шығарып, тәттілер мен ірімшік, құрт салып қатарластыра тізіп шыққаны сол еді, төбедегі хрусталь аспалы шамынан шашылған сәуле әлгі ыдыстардағы тастармен ойнап, жарқыратып жіберді. Қалыңдығын ұзатып алып кетуге келген елді алтын жіппен жиектелген кимешегінің ұшына әлдене түйілген әже шашулатып қарсы алды. Босағадан аттай бере, балдыздары қолтығына кіріп кетіп, жезделерінің қалтасын ақтара бастады жарысып. «Әруақ жолы» – деп, есікке алтын оқалы шапан бөркімен ілінген соң, құдаларды төрлетті.

Бұзаумен пара-пар қошқардың мүйізінен шап беріп ұстап алған қыздың балуан ағасы алқақотан отырғандардың алдына алып кіріп «Өлі-тіріге» бата сұрады. Иесіне бой бергісі келмей бұлқынып, шығар есікке қарай тыпырши ұмтылған дәу қошқар, шығып бара жатып, құмалағын шаша кетті. Дамбырлаған ел қуанып, жақсылыққа жорып жатса, сыңғырлаған келіншектер «Шілде суға» салармыз деп, жарыса теріп жатыр.

...Әнеу күні көрген қызды танымай қалған Батайдың жеңгесі қалыңдықтың құлағына сырға салып тұрып, босап кетті де, құшағына қысып, жылап жіберді. Бүрмелі ақ көйлегі тал бойына жарасып, қызыл камзолы үстінен құйыла төгіліп тұр. Желкесіне түйіп қоятын мойылдай қара шашын қос білектей қос бұрым етіп өріп қойыпты. Әженің кимешегінің ұшына түйілген жүзікті сатып алған жеңгесі қолына салып тұрып:

– Өз қызымыздай көріп, бауырымызға басамыз! – деп уәде бергенде:

– «Ғұмыр жасың ұзақ болсын! Менің жасыма жетіп, тоқсанға келіп, жүзге жет!» – деп, кейуана бата берді.

...Төс мүжіп отырған күйеу бала қалың майын керте асап алып, тауыса алмаса да, «Күйеу жоралғысын» жасады. Жеңгесі дайындап берген бір бума ақшасын төстің астына қойғаны сол еді, аңдып тұрғандай бір келіншек келді де, зып еткізіп ала жөнелді.

...Беташарға жиналған елдің қарасы көп. Қызыл ою басылған ақ киіздің үстінде тұрған ақ көйлекті, қызыл камзолды келін құдды ақ қардың үстінде тұрған қызыл түлкідей жарасады.Үкілі домбырасын қағып, кең даланы жаңғырта әуелете жөнелген әнші жігіттің күміс басылған, жуан былғары белдігі күнмен шағылысып, жарқ-жұрқ ете береді. Туғанынан өзгесі бір төбе, мұнысы бір төбе болған Батайдың кәрі шешесі қуаныштан жылап жүр...

– Е, Жаратқан! Құлдық! Осы күнді нәсіп еткеніңе шүкірлік қылдым! Енді ала бер!.. – деп, оқтын-оқтын кимешегінің етегін қайырып алып, суалып кетсе де, соңғы тамшыларын сарқып тамызған көздеріне баса береді.

– Жеңеше, бүгін қасыңа мен жатамын! – деп, қағытып кетті, жаңа қу бала жеңгесінің бүйірін қысып қалып.

Сәукелесін шешіп, орамал салған жас келінді қолтығынан демеп, екі келіншек шымылдыққа отырғызды. Шашылған шашуды жинап алып, сала бергеннен қоржынның қос бүйірі бұлтиып оң жақта тұр. Ырым қылып, таратып алады ел аздан соң.

Келіншегіне келе жатқан Батайдың аяғы дірілдеп, бойынан әл кеткендей. Әлденеден қысылатын сияқты.

– Әй, Батай, сен саспа! Мықты екеніңді дәлелдеші, ал!

– Қой әрі, сандырақтамай! Әйел нәзік жаратылыс! Күшпен емес, жаныңмен сүй! Ешқашан асығыс әрекет пен сөзге бой алдырма! – деп, жарыса ақыл айтқан Батайдың жезделері, көктің етегіне ай қонғанда, күйеуді келіншегіне, аппақ шымылдыққа қарай ұзатып қойды.

...Денесі оттай болып, өртеніп кете жаздап отырған қайын сіңлісін бауырға қысып:

– Ақылды бол, ботам! Күйеуің –жұмағың! Енді сен, келінсің! Бір азаматтың бағы да, соры да сенің қолыңда! Енеңнің батасын алсаң, жарыңның разылығына ие боласың! Жарыңның разылығы – өмірдегі басты амалың! – деп, бетінен сүйді де, құлағына әлденені сыбырлап, біраз тұрып, шымылдық құрылған бөлмеден шығып кетті Шатайдың жеңгесі..

Самал ЗІКІРИЯҚЫЗЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

Моншақ пен Мойнақ



Жатақ үйдің төбесін құрсаған сүрі қардың көбесі сөгіле бастаған. Көктемнің исі сезіліп-ақ тұр. Сүңгіден тамған тамшылар жерді жібітіп, ми батпағын шығарып жатыр. Айналасы малмандай су.

Тозығы жетіп, құлауға шақ тұрған ескі жатақ үйдің есігі ашылмағалы екі күн болды. Бұл үйде тірлік нышаны білінбегенімен, үмітін әлі үзбеген Мойнақ алдыңғы аяқтарының үстіне басын қойып, бір жапырақ ескі киіздің үстінде неше күннен бері сұлық жатыр.

Жатақ үйдің айналасында зәулім сарайлар қалқаяды. Олардың ортасында құты қашып жаман там тұр.

Мойнақтың онсыз да күнәра құйылатын жуындысы мәз емес еді-ау. Барды қанағат тұтып үйренген, тоқ көршіні торуылдап, сүмеңдемейтін текті ит еді. Аштық арды да билеп кетеді екен. Үшінші күн нәр сызбаған асқазаны сазып, ішегі шұрылдап, әлі құрыған соң қызылмен әрленген, оюлы биік үйдің ауласына да бас сұғып көрді. Тұрқы бұзаумен пара-пар, жүні түбіттей үлпілдеп жылтыраған дәу ит аштықтан әлсіреген бұл бейшараны көре салып, арсылдап, өңеші жыртылғанша үре бастады.

Итінің мазасызданғанынан күмән алған бойы тапал, қара тарамыстай иесі далаға шықты. Осқырынған жылқыларына көз салды.

Мал-жанының елді торуылдап жүрген ұры-қарыдан аман екеніне разы болып қалған қожайын итіне жақындады. Құдды мына әулетті жалғыз қорғап тұрғандай иті құйрығын бұлғаңдатты.

Басынан сипап аз-кем еркелетіп тұрды да, мойнындағы шынжырынан ажыратып, қоя берді. Осыны күткендей Мойнаққа қарай тап берді. Екі ортаны қақ жара, бөліп тастаған биік қорғанның бір бұрышынан сақылау тапқан Мойнақ артына қарай бұрылып үлгергені-ақ сол еді, артқы аяғына келіп аюдай иттің қарулы тісі «сақ» ете қалды. Мойнақтың шыбын жаны көзіне көрінгендей шыңғырды. Иесі миығынан күліп, қорасынан қыс бойы жеп шыққан соғымның итке арналған сыбағасынан бір кесіп алды да, алдына қарай лақтыра салды. Төбет өз сыбағасына ұмтылды. Мойнақ жүрек жалғар талғажау табарынан күдер үзіп, қыңсылаған күйі ұясына қайтты.

… Шешесінің жып-жылы, мамық бауырын аңсады.

Мойнақтың ұяласы бар еді. Жылы қорада, құрғақ шөптің үстінде шешесінен алысқа ұзамай, ұяласы екеуі арпалысып ойнайтын. Қораның сыртында кімдер бар? Қандай өмір бар?.. Ештеңемен ісі жоқ еді ғой. Аракідік қорадағы темір тостаққа тамақ салатын мес қарын ер адамды ғана көретін.

Ұяласы екеуі қаншықтың балдай сүтіне тойып алып, бауырына жантая жығылып, ұйықтап жатқан. Әтірі бұрқыраған бөтен жігітті ертіп месқарын кіріп келді. Шешесінен рұқсат та сұрамай екі күшікті бұтынан тартып, көтеріп алды. Алдымен бауырын, сосын өзін жігітке ұсынды. Әтірінің иісі мұрынды жаратын алақаны ыстық жігіт, артқы аяғын ашып, бауырына саусағын жүгірте сипалады. Сонан соң желкесінен шымшып, салбырата аспанға көтерді. Ыңырси, қыңсылаған ұяласының қылығы мыналарға ұнамағанын сезген Мойнақ дымын шығармай, тістеніп-ақ бақты. Түбіне жеткен де сол ерлігі болса керек. Жігіт мұны қойнына тықты да, өзімен бірге қорадан ала шықты.

Алғаш дәу мәшине «дүр» ете қалғанда зәресі қалмай, жүрегі аузына тығылып, дірдек қаққаны да есінде.

Жаңа қожасы кең аулалы үйге келген соң итаяққа сүт құйды. Анасының сүтіндей тәтті болмаса да, талғажау етуге жарайды. Жып-жылы.

Аяғынан ас үзілген емес. Ет те жеді, сүйек те мүжіді. Дәу мәшинеңің соңынан жүгіріп, әудем жерге дейін иесін қуып барып қайтатынды шығарды.

Күнұзақ иесін сағына күтетін. Келмей қалса ұзақ сапарға кеткенін біліп, жолын тосып, мазасызданады. Иесімен аракідік қалың қарды омбылап, таң алакеуімде қоян, түлкі аулауға да барушы еді.

Мойнақ ешқашан иесін жерге қаратпады. Ере барған өзге жолдастарының итінен асып түсуге тырысып-ақ бағатын.

…Қарнының ашқаны сонша, әлдәрмені құрып, аяғын баса алар емес. Үйден тырс еткен белгі білінбейді. Күннің арты бұлыңғырланып, тұнжырай бастады. Әлгінде көктем исі аңқып, еріп жатқан тоң да безірейіп, қатқылдана қалыпты. Бауырынан сыз өткен Мойнақтың жағдайы тым нашар. Бір нәрсе талғажау етпесе болмасын ұғып, дірілдей көтерілді. Аласапыран шақ. Бейуақыт. Осы өліараны пайдаланып, тіскебасар таппаса, аздан соң шынжырынан босаған иттер өз аулаларына бас сұқтырмас.

Бұл жолы сол жақтағы көк үйге қарай тартты. Осы үйде тұмсығы сорайған, бұты сидиған кәнден қаншық барын біледі. Күшіктеп жатыр еді. Ол жалғыз емес, басы қазандай дәу төбет тағы бар. Жуындыдан тапшылық көрмейтіндері түрлерін байқалып-ақ тұр. Екі үйдің арасына орнатылған тікен, темір қоршаудың астынан өту аштықтан сидиған Мойнаққа қиын емес.

Кең аула. Есіктің алдында жерге қағылған екі қазықты кере сымтемір тартылған. Төбет сол темірге ұзын шынжырмен бекітілген. Алда — жалда өршелене шапса, құтылмасың анық.

Жанынан өтіп бара жатқан иттің аяғының дыбысынан сезіктенген ұрғашы кәнден өзінің де ит екенінен хабар берді ме, әлде өзі сияқты қортық күшіктерін қызғанды ма, шәуілдеп шыға келді.

Көбіне осы бейбақтың шәңкілдегенінен оянып, арғы жағын өз міндетіне алатын төбет сол әдетімен атып тұрды. Шашылып жатқан сүйектің қалдығына өңменде ұмтылып келе жатқан Мойнақ қалт тұра қалды. Бөтен иттің мекеніне кіріп кеткеніне ашуланған көрші төбет арсылдап, жұлқына бастады. Бір сәт әлсіреп, аштықтан қалжыраған байғұстың көзі мұның көзіне түйісе қалғаны сол еді, сорлының бар мұң-зарын жазбай таныды. Көршілес үйден үріп жататын Мойнақтың иісін де, даусын да білуші еді. Жатсынбады.

Дірдектеген түрін аяп кетті ме жуасып, жүрелеп отыра қалды.

Төбеттің мейірімділік танытқанына разы болған Мойнақ итаяқтағы жуындының қалдығын ұмсына жей бастады. Төбет болса, көзін айырмай, қадала қарап жатыр. Ішіне ел қонған Мойнақ, аузын жалап, көрші төбетке мөлие қарады. Жаны ашып отырғанын түсінді. Алғысын білдіріп, қыңсылады.

* * *

Таң бозарып келеді. Үш күн шамы жанбаған ескі үйдің есігі шиқылдай ашылды.

Артынша тозығы жеткен ескі гәлөштің тұмсығы көрінді. Иесінің тірі екенінен үмітін үзбеген Мойнақ атып тұрды. Аяғына оратылған итінің сағынып қалғанын түсінген кейуана басынан сипады. Жанарының жасы төгіле жөнелді.

– Е, байғұс! Бар екенсің ғой! Мағжанымның көзісің ғой, – деді кемсеңдей. Күллі әлем жаңа оянып жатқанда, кәрі иесінің елден бұрын тұрғанын жақсылыққа балағандай, ит те еркелей жата кетті.

Кемпір қолына ала шыққан құмғанын зорға көтеріп, үйдің артына қарай жүрді. Артынан еріп келе жатқан итіне мұңын шағып келеді.

– Байғұсым – ау! Мені қайбір жетісті дейсің?! Төсектен бас көтере алмай жаттым емес пе?.. Дастарханда қалған екі түйір құртты талғажау еттім. Бірде үйіп-жанып, бірде дірдектеп тоңып, өлімнің аранына барып қайттым. Аузыма су тамызатын құлыным, Мағжанымнан да, боздағым Алғадайымнан да әлдеқашан айырылып қалған жоқпын ба! Енді, кім аяр дейсің?!. Кемпір дәрет алды да, әңгімесін үзбей, ілбіп кері бұрылды. Мойнақ барлығын ұғып келе жатқандай өкшелеп, бір елі қалмайды. Құмғанды босағаның оң жақтауына қоя салған Моншақ, керегеге іліп қойған шапанын киіп, басына түбіт орамалын айқастыра салды.

Қашаға беттеген кемпірдің артынан Мойнақ ілесе жөнелді. Қайда баратындарын өте жақсы біледі! Қашанғы әдетімен, бұл екеуінің келетіні – ауыл шетіндегі мола ғана.

…Моншақтың алдынан өткен күндер сырғи жөнелді.

…Қалымбет талай қыздың көзайымы еді-ау, шіркін!

Қыз біткен бойшаң, кең иықты, көркем жігітті көргенде қылымсып, сызыла қалатын. Қалымбеттің қырындаған қалың қызбен ісі де жоқ. Тек, Моншақты ғана аңсайды. Байдың жалғызы болған соң, қанша сырбаз болса да, Қалымбетті тең көрсін бе? Өзі де талайдың таңдайын қақтырған хас сұлудың өзі еді ғой, бұл Моншақ. Ынтыққан жігіттерге мұрнын шүйіріп, көзінің қиығын да салмайтын.

Бір жылы, байдың үйір жылқысын барымталап кеткен бір топ ұрының әкесінің алдына әкеліп, жығып береді Қалымбет. Ұрылардың қаруы мықты, айла-тәсілі асқан жігітке тұтқындалып қалғанын айтып ел тамсанды. Батырлығы аңызға айналып, шартарапты шарлап кетті.

Жалғызына жұтына қараған жігіттің ерлігі әкесін де бей-жай қалдырмады. Сол жазда-ақ жалғызын Қалымбетке қосты.

…Ашаршылық қаулап, тауқымет тартқызған тар жылдарда елден кетіп, шекара асқан талайлар атамекенді аңсап, елге (Советке) қайтып жатқан кез еді. Қалымбет те ата-анасымен, екі қарындасымен шекарадан өтетінін айтты. Моншақтың әкесі Қалымбет қанша жалынса да, жалғызын ешқайда жібермейтінін қайталап, қасарысты.

Уақыты келгенде екі жас қимай, жыласып айырылысты. Қайта келіп, түбі алып кететініне серт етті де, әкесін көндіктіре алмасын білді ме, Қалымбет ақ некелі жарын тастап, ел асып кете барды.

Елге келген соң ойы өзгерді ме, кім білсін, әйтеуір қанша сарылып жолын тосқанымен, Моншақтың жары сол кеткеннен, мол кетті.

Жарты жылдан соң Моншақ дүниеге шекесі торсықтай ұл әкелді. Әкесі өз атына жазып, Алғадай деп ат қойды. Көңілі жарым қызына салмақ салмай баланы елдің алды етіп бақты. Оқытты. Жеткізді. Оқу-білімге берілген Алғадайы үйленуге асыға қоймады. Кеш отау құрды. «Апа, мен сізді атамекенге алып барамын! Әкеммен жүздестіремін!» –деп армандайтын, жарықтық. Өмірден ерте кетті. Арманына жете алмады.

…Жалғыздан туған жалғызы – Мағжанды бауырына салған Моншақ, ұлынан айырылғанда құлазыңқы күйге батты. Көңілі басқаға соқпай, ыңғай танытқанды елемей, жалғыздың тілеуін тілеп, жұмыстан бас алмай ғұмыр кешті.

Әкесінің арманын немересі орындады. Тумысынан қағылез, пысық Мағжан туған елге келіп, сауда жасады. Шешесінің қолын жылы суға салып, көрген тауқыметін ұмыттыруды аңсады. Әкесінің арманын жалғамақ болып, атасын да іздестірді. Тапты!

Жетісудағы қалың албанның ауылын мекендеген Қалымбеті бас-аяғы екі жылдың ішінде жергілікті қызбен отау құрған екен. Бала-шаға, немере-шөбересі бар, ақсақал болып, төрде отырған шағында, жүрегінің түбінде көмулі ескі сезімді қопарып, кезіндегі сұлуы, Моншағы келеді деп, күтпесе керек!..

…Аузын буған өгіздей, үнсіз отырып алды. Не айтсын?! Не айтса да, не мәні бар дейсің?! Үнсіздіктің нені жұтып, нені жасырып отырғанын қайдан білсін, басқа ел…

…Немересі де ыстық көңіліне су сепкендей, атасына емірене қоймады. Атасының кемпірінен аса алмай құрақ ұшпағанын ұқты, Мағжан.

Бір асым етті зорға күтіп, Моншақ жалғыздан қалған жалғызбен жетектесіп, кері қайтуға ыңғайланды. Қақпаға қарай бет алғанда, Қалымбеттің көзімен көзі түйісе қалды…

Бір сәт, сонау жарты ғасырды еңсерген, бұрынғы жастық шағы қайта орнағандай жүрегі аударылып түсті. Жүзін шимай толы әжім торлаған екі бейбақтың ішіндегісін кім түсінсін?! Тағдырға кім арыз айтсын?!

Талай сордың дәмін татып көрген Моншақ көзін мөлтілдете бермейтін. Жарынан құшағы суымай, мейірі қанбай, тірідей айырылып қалғанда-ақ осы өмірге өкпелеген.

* * *

Күн біршама көтеріліп келеді. Моланың қақпасы сыммен байланған. Моншақ ұзақ тұрып, молаға кірер есікті зорға ашты. Көз алмай қарап отырған серігі Мойнақ та кемпірдің соңынан еріп, молаға кірді. Мағжанды жерлегенде етектен жер бұйырған еді, бүгінде бел ортасында жатыр.

Ал 1970 жыл соңында Қапал ауданы қайтадан шаңырақ көтергенде Болат Бисұлтанұлы аудандық «Қапал еңбектері» газеті редакторының бірінші орынбасары, бас редакторы қызметтерін атқарды. Жаңа ауданда редакцияның негізін қалап, іскерлігімен танылған басшының жас кадрларды іріктеу мен тәрбиелеудегі еңбегі бағаланып, осы жолы да Талдықорған обкомының мақұлдауымен облыстық «Октябрь туы» (кейіннен «Жеруйық») газеті редакциясы аппаратында бөлім меңгерушісі қызметіне тағайындалды.

Облыстық газет аппаратында ұзақ жыл қызмет атқарған тәжірибелі маман редакцияның бірқатар бөлімдерін басқарып, қызметте білім мен тәжірибесі қалыптасқан, сенім мен құрметке лайықты журналист екендігін дәлелдеді. Соның нәтижесі болар, ол 1981-1983 жылдарда облыстық партия комитеті шешімі негізінде Алматы Жоғары партия мектебінен білім мен тәлім алуға жіберілді. Мұнан соң Болат Бисұлтанұлы облыстық газеттің «Партия тұрмысы» бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалды. Партия таратылуына байланысты оған редакцияның қоғамдық - саяси бөлімінің редакторы лауазымы ұсынылды.

Ақиқатын айтсақ, Алматы Жоғары партия мектебінде оқып, теориялық және практикалық білімін жетілдірген Болат Бисұлтанұлына көршілес облыстың газетіне бас редактор қызметі ұсынылған еді, «Жетісудай жер қайда!» - дейтін ол партияға ризалығын айтып, Талдықорғаннан ұзап кетпеді. Сонау 1997 жылы Талдықорған мен Алматы облыстары біріктірілгенде Жетісу жеріне танымал журналист Болат Бисұлтанұлы Сарқан аудандық газетінің бас редакторы қызметіне келді. Бұл кезде аудандық газет қаржылық қиыншылықтарға байланысты қызметін тоқтата тұрған екен. Ауыртпалықты көріп, тығырықтан шығуға бекінген бас редактор Сарқан ауданының сол кездегі әкімі А.Сәрсенбаев мырзаның алдына келіп, мән-жайды жеткізіп, қол ұшын беруді өтінді. Әкім түсіністікпен сөзге келіп, қолдауға, мүмкіндікке қарай қаржы-қаражат берілетініне сендірді. Соның нәтижесінде 1998 жылы «Сарқан» газеті қайтадан шыға бастады.

Алматы облысының орталығы Талдықорғанға қоныс аударуы қарсаңында «Алатау» апталық газеті ашылып, оның бас редакторының орынбасары лауазымына Болат Бисұлтанұлы тағайындалды. Осы апталықтың бірінші нөмірін жоспарлап, макеттеп, кезекшілігін атқарған да, «Газетті басуға рұқсат» деп қол қойған да осы кісі болды. Мұнан соң 2005 жылы зейнет демалысына аттанды.

«Зейнеткермін» деп жан тыныштығын қамдамай, облыс орталығында сол қарсаңда құрылған «Дарабоз» қоғамдық қорының шақыруын мақұлдап, қордың баспасөз хатшысы міндетін өз қолына алды. Тәжірибелі журналист Қаракерей Қабанбай бабамыздың өмірі мен ерлігін сипаттайтын тарихи деректерді жинап-теріп, зерттеу мақалаларды БАҚ беттерінде жариялады. Жетісу жұртшылығын осынау қорды қаржылық қолдауға үндеді. Мұндай мақалаларға үн қосқан қалың көпшілік қорды молайтуға белсене қатысты. Соның нәтижесінде Талдықорғанда, Қаратал өзенінің сағасында Қабекеңнің алып ескерткіші бой көтерді. Ескерткіштің салтанатты ашылуына осы өңірден ғана емес, Қытай елінен, Өзбекстан мен Ресейден келген азаматтар да куәгер болды. Қор төрағасы Сейдахмет Шүрегеевке (марқұм), облыс пен қала билігіне алғыстар айтылды.

Мұнан соң Алматы облысында 2014 жылы «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев» қоғамдық қоры құрылып, баспасөз хатшысының жауапкершілігі Болат Бисұлтанұлына жүктелді. Қаламгер Әлемге әйгілі, ТМД елдеріне белгілі дана және дара тұлға Д.Қонаев туралы жиырмадан астам мақала жазды. Осынау көрнекті азаматтың туған және қайтыс болған күндері өз дәрежесінде аталып өтуі дәстүрге енді.

Бүгінде жасы сексендегі аға журналист Талдықорған қалалық ардагерлер ұйымының белсенділері қатарында. Қажырлы қаламгер осы жоғарыда аталған жауапты жұмыстарды өз еркімен-қоғамдық негізде атқарып жүр.

Еңбек ардагері Болат Бисұлтанұлы Ұлы Отан соғысынан оралмаған әкесі мен анасы Қамила Бисейітқызының өнегелі өмірлерін өз балаларына үлгі етіп, соларға ұқсап Отанды және еңбекті сүюге, адалдыққа тәрбиелеп, нәтижесінде оларды еңбеккер азаматтар қатарынан көргеніне қуанады. Осы орайда азаматтың ата-анасына, достарына, туған ауылына арналған өлеңдерінен үзінділер ұсынуды жөн көрдік. Оның «Әкеме» деген жүрек үні төмендегідей:

Асқар тауым, айбыным,
мақтанышым,
Жанын қиған елі үшін, Отан үшін,
Тәуба дейміз, соңында ұрпақтар бар,
Атасының үлгі еткен ерлік ісін.
Өзінің ізбасарын – жалғыз ұлын,
Отбасымен тойлайды Жеңіс күнін,
Немере, шөбере мен шөпшектерін,
Суретінді сүйіп жеткізген жүрек үнін.

Өз заманында Ақсу жұртына танылған тыл еңбеккері, ауылдық, аудандық Кеңестердің депутаты ретінде құрметтелген марқұм анасына:

Ақ сүтіңнен бойыма қуат алдым,
Келешекке жолашар шырақ алдым,
Сен болмасаң, кім мені жетелейді,
Сен болмасаң, бағымды кім еселейді?!
Майданға аттанғанда отағасы,
Жиырма жаста қалыпты отанасы,
Жауынгердің ерлігін жалғастырып,
Несібелі болыпты босағасы, –

депті анасының еңбегі мен ерлігіне сүйсінген ұлы Болат. Жанарынан мейірім шашыраған, менің анам – ең асыл адам, – дейді бұл күнде сексеннің биігіндегі ақсақал.

Сондай-ақ, оның Жансүгіров ауылындағы Чапаев атындағы (бүгінгі Сиқымов) орта мектепті 1960 жылы бітірген сыныптастарына арналған өлеңінің бір шумағын ұсынамыз:

Арғымақтай арындаған
замандас,
Ақ жібектей үлбіреген қаламқас,
Бірге оқыған бойжеткен мен
бозбала
Өздеріндей қымбат құрбы
табылмас.

Ақсу азаматы Болат Бисұлтанұлы өзінің туған ауылына «Тарас таңы» деген өлеңін арнап, оған өзінің сүйкімді жерлесі, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, Ақсу ауданының Құрметті азаматы Төлеужан Нүсіпжанұлы әсем ән жазды. Нәтижесінде бұл еңбек екі азаматтың ауылдастарына ұсынылған лайықты сыйы болды.

Қаламы қайратты, өмірден көргені мен көңілге түйгендері де мол журналист Болат Бисұлтанұлы еңбегіне лайықты сый-құрметтің иесі. Ол Қазақстан журналистер одағының мүшесі. Қазақстан мен Одақ журналистері съездерінің делегаты болып сайланған. Ақсу ауданының Құрметті азаматы, Қазақ журналистикасының қайраткері атақтарының иегері. Осы жылдың мамыр айында оған «Д.Қонаевтың туғанына 110 жыл» мерекелік медалі салтанатпен тапсырылды. Арнаулы ескерткіш төсбелгілер, беделді, мерекелік әралуан кездесулер мен форумдарға шақыртулар, құттықтау және Алғыс хаттар, өзінің көрнекті, танымал азаматтармен сұхбаттары, фотосуреттер, т.б. арнайы альбомдарда сақтаулы. Өзінің батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы, айдынды сазгерлер Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов, Қазақ космонавтары Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев, алып күшті Әбілсейіт Айханов кездесулері және сұхбаттасу кезіндегі әсерлерін газетке жазып, көпке әңгімелеп беруді маңызды деп есептейді.

Балалы-шағалы шаңырақтың отағасы Болат Бисұлтанұлы мен отанасы Советай Нұрғалымқызы жарты ғасырдан астам жылдар жарасып, ұлдары мен қызын қатарға қосып, немерелері мен шөберелерінің ата-әжесі деген бақытқа жетіп отыр. Ерлі-зайыптылар мен олардың бала-шағалары отбасында ғана емес, еңбекте де, білім мен өнерде де, дос-жарандар ортасында да абыройлы, мақтаулы, ырысты және ынтымақты.

Талдықорған қаласының байырғы тұрғыны Болат Бисұлтанұлымен әңгіме-сұхбат барысында мына сөзіне шынайы риза болдық. Ол сөзін былай қорытты:

«Еңбек адамның – екінші анасы» деген бұрынғылар. Денсаулық, байлық, абырой, бедел, мәртебе екінші ананың шарапаты деген жөн. Осы қанатты сөзі үшін оған: «Жасың ұзақ, жанұяда бақытты бол» дейміз.

Алтынқайша НАЙМАНБЕКОВА,
Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі.
Амангелді АЙТБАЕВ,
Ақсу аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы, Ақсу ауданының Құрметті азаматы.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУДЕБНЫЕ РЕФОРМЫ

НЕЗАВИСИМОСТЬ СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ

ПОНЯТИЕ «СУДЕБНАЯ ВЛАСТЬ» ВПЕРВЫЕ ПОЯВИЛОСЬ В КОНСТИТУЦИИ СУВЕРЕННОГО КАЗАХСТАНА 28 ЯНВАРЯ 1993 ГОДА, КОТОРАЯ ОТРАЖАЛА ПРИНЦИПЫ ОРГАНИЗАЦИИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СУДОВ. ПРЕДСТОЯЛО ОСУЩЕСТВИТЬ РЕФОРМЫ СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ, ЧТОБЫ НЕЗАВИСИМАЯ ВЕТВЬ ВЛАСТИ СТАЛА ГЛАВНОЙ ГАРАНТИЕЙ СВОБОДЫ НАРОДА.

В правоприменительной деятельности государственных органов по обеспечению эффективного воздействия правовых норм на общественные отношения огромная роль отводится судебной системе, которая выступает в качестве носителя судебной власти, а суды (судьи) являются элементами, из которых строится судебная система. Это особенно актуально для современного этапа, характеризующегося быстрым процессом формирования и развития правового государства, институтов демократического общества, упрочением гарантий осуществления политических, экономических, социальных прав и свобод граждан. Реформа судебной системы должна была найти отражение не только в нормах Конституции, но и в текущем законодательстве. Речь идет о принятии новых законов о судоустройстве, статусе судов и судей.

И действительно, 12 февраля 1994 года была принята Государственная программа правовой реформы в Республике Казахстан, предусматривавшая комплекс государственно-правовых мер, предполагающих коренное изменение всей национальной правовой системы Республики, где особое место уделено реформе судебной системы.

Установлено, что принцип независимости судей от любого вмешательства в процесс вынесения судебного решения закреплен в международных и казахстанских нормативных правовых актах. Принцип независимости многогранен и предполагает принятие различных способов его реализации. Установлено, что формирование адекватного уровня независимости судей важно для отправления справедливого судопроизводства и создания условий для восстановления гражданами доверия к судебной системе. Неотъемлемым атрибутом любого правового государства является наличие совершенной и независимой судебной системы.

Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев на VIII Съезде судей Республики Казахстан подчеркнул, что в справедливом и законном осуществлении правосудия заинтересовано как государство, так и все общество. Он отметил, что одной из важных задач является независимость судебной системы. Как подчеркнул Президент Республики Казахстан, это непременное условие справедливого правосудия и повышения доверия граждан к судебной власти.

В Республике Казахстан конституционно-правовые основы института независимости судей закреплены в Конституции Республики Казахстан (ст. 77–79).Формально-правовой метод был применен для выяснения структуры и взаимосвязи исследуемых понятий, а также для изучения соответствующих положений законодательства Республики Казахстан об уголовной ответственности за вмешательство в деятельность судебных органов.

Системно-структурный метод использован для углубленного изучения нормативных положений международного и национального государственного законодательства о месте независимости судей в отправлении правосудия, в целом, и в структуре деятельности судебной реформы.

На вопросы независимости судей также обращает внимание и Председатель Верховного Суда Республики Казахстан Ж. Асанов. В частности, следует отметить, что, в соответствии с Программой «Семь камней правосудия», обеспечение независимости, справедливости и беспристрастности судей, в частности, за счет уменьшения внешнего вмешательства в отправление правосудия, является одним из главных приоритетов судебной реформы. В связи с этим актуален вопрос изучения независимости судей как критерия эффективности оценки работы судов в контексте реформирования судебной системы Республики Казахстан и поиска путей совершенствования этого принципа справедливости.

Агзам АБДРАХМАНОВ,
судья СМЭС Алматинской области.

ПЕНСИЯ

Даже несмотря на то, что средняя продолжительность их жизни, по данным Нацбюро статистики, составляет всего 66 лет. А на заслуженный отдых им можно выходить только в 63, передает ИА «NewTimes.kz» со ссылкой на телеканал КТК.

СНИЖАТЬ ПЕНСИОННЫЙ ВОЗРАСТ МУЖЧИНАМ НЕ БУДУТ

Но в Минтруда с такой постановкой вопроса не согласны. Как заявила министр Дуйсенова, работать до старости необязательно. По закону пенсионером можно стать даже в 50.

«Если человек вовремя присоединяется к пенсионной системе, если его пенсионные накопления будут достаточными, то он может выйти на пенсию не в 63, а в 50 лет. Это прописано в законе. Поэтому самое главное – вовремя присоединиться и платить пенсионные взносы. У человека есть все возможности выйти рано на пенсию. Это касается не только женщин, но и мужчин», – заявила министр труда и социальной защиты населения РК Тамара Дуйсенова.

Правда, пенсионные накопления сначала нужно заработать, а зависят они от уровня зарплаты. Об этом Тамара Дуйсенова упоминать не стала.

Только в январе президент Токаев заявлял, что у половины населения страны доходы не превышают даже 50 тыс тенге. И вот в правительстве уже разработали программу по повышению уровня благосостояния казахстанцев до 2025 года.

Напрямую из бюджета или из денег квазигоскомпаний зарплаты увеличат бюджетникам и работникам промышленного сектора «Самрук-Казына». Всем остальным придется ждать реализации сотен инвестпроектов и создания двух млн рабочих мест в ближайшие три года.

Хотя, по данным счетного комитета, в прошлом году было создано всего 10 тыс рабочих мест.

«*Откуда вы взяли эти данные – 10 тыс по 2021 году, – я не знаю. Уже создано 200 тыс рабочих мест. Задача, которая поставлена, – вопрос непростой. Я абсолютно понимаю важность. Но мы четко прописали. В промышленном секторе – более 900 тыс рабочих мест, в инфраструктурном развитии – около 600 тыс рабочих мест, в сельском хозяйстве – почти 450 тыс, туризм – на уровне 59 тыс*», – заявил заместитель премьер-министра РК Ералы Тугжанов.

Стоит отметить, что с января женщины в нашей стране выходят на заслуженный отдых в 60,5 лет, с дальнейшим постепенным повышением до 63 лет в 2027 году. Мужчины – в 63 года.

12 мая депутатская фракция «Ак жол» обратилась к вице-премьеру Ералы Тугжанову с требованием снизить возраст выхода на пенсию для шахтеров, металлургов и других представителей опасных профессий.

14 мая прошел санкционированный митинг в парке имени Махатмы Ганди в Алматы. На нем собрались женщины, которые требовали пересмотреть пенсионный порог с установленных 63 лет и снизить его до 58.

18 мая заместитель премьер-министра Ералы Тугжанов заявил в кулуарах, что вопрос понижения пенсионного возраста в стране будет обсуждаться в правительстве. Решение может быть принято к концу 2022 года.

Кстати, получать выплаты по пенсионному аннуитету от страховой компании мужчины могут с 55 лет, женщины – с 52 лет.

В 2021 году сумма достаточности для заключения пенсионного аннуитета для 55-летнего мужчины составляла 6,7 млн тенге, для 52-летней женщины объем накоплений в ЕНПФ должен быть не менее 9 млн тенге.

МОШЕННИЧЕСТВО

ЖИТЕЛЬ ПЕТРОПАВЛОВСКА МАКСИМ ТУСАЕВ ПО ВИНЕ МОШЕННИКОВ ДОЛЖЕН БАНКУ 900 ТЫС ТЕНГЕ, КОТОРЫХ И МИНУТЫ В РУКАХ НЕ ДЕРЖАЛ, ПЕРЕДАЕТ ИА «NEWTIMES.KZ» СО ССЫЛКОЙ НА ТЕЛЕКАНАЛ «АСТАНА».

ЗВОНОК ИЗ БАНКА ОБЕРНУЛСЯ ДВУМЯ КРЕДИТАМИ

По словам мужчины, с ним связались менеджеры и сообщили, что их недобросовестные коллеги пытаются повесить на него долг. Чтобы аннулировать незаконные операции, мужчину попросили срочно пройти в отделение банка. Предложили оформить там заем, а деньги перечислить на указанный счет. Что горожанин и сделал.

«*Они говорили уверенно. Также они скидывали все поддельные документы, где стоят печати, подписи различных заместителей, директоров прямо на ватсап. Сложно было не поверить. Они прикрывались статьей 423 УК РК, у меня это вызвало доверие. Я посмотрел уголовный кодекс, все совпадало под описание»,* – рассказал Максим Тусаев.

В полиции отмечают: чем проще схема обмана, тем больше на граждан попадается на крючок. Только с начала года в регионе зарегистрировано 319 интернет-мошенничеств. Каждый пятый обманутый поверил лжесотрудникам службы безопасности банков.

«Самая главная проблема – интернет-мошенники сейчас звонят и представляются сотрудниками Нацбанка, сотрудниками ДП Нур-Султана, прокуратуры. Поэтому чтобы знать, что это интернет-мошенники, необходимо позвонить именно туда», –говорит начальник управления полиции Петропавловска Жандос Мухатов.

20 мая полицейские Петропавловска на центральных улицах города по громкой связи транслировали запись разговора пострадавшей женщины с мошенниками, чтобы люди знали, как действуют банковские аферисты.

ФЕСТИВАЛЬ «ЖАРА-22»

КАКИЕ ЗВЕЗДЫ ВЫСТУПЯТ

Как передает Sputnik, в Казахстане впервые пройдет музыкальный фестиваль ЖАРА. Популярный международный музыкальный фестиваль продлится четыре дня. С 25 по 28 июля шестой международный музыкальный фестиваль ЖАРА впервые пройдет в Казахстане.

В фестивале «ЖАРА-22» примут участие более 200 артистов, среди которых: Баста, Zivert, Дима Билан, Artik & Asti, Сергей Лазарев, Григорий Лепс, A"Studio, Emin, Ваня Дмитриенко, HammAli & Navai, Jony, ANNA ASTI, Ольга Бузова, Клава Кока, Лолита, Мари Краймбрери, Galibri & Mavik, MOT, Люся Чеботина, Ольга Серябкина, Хабиб, Пицца, Натан, RASA, Звонкий, Анита Цой, Лариса Долина, Луина, Айкын, группа "Ринго", Айри, группа "Орда" и многие другие.

Организаторы и участники фестиваля ЖАРА в Казахстане подготовили насыщенную программу. Фестиваль пройдет 4 дня в южной столице Казахстана – Алматы.

"За пять лет проведения фестиваля ЖАРА стал настоящим большим брендом, гастролирующим по всему миру. В этом году мы решили провести его впервые в Казахстане, расширяя наши горизонты", – сообщил организатор фестиваля Эмин Агаларов.

"Музыкальный фестиваль ЖАРА проходит с 2016 года и объединяет артистов по всему миру. До пандемии с 2019 года план по фестивалям был разработан на 2 года вперед: Дюссельдорф, Монако, Дубай, Израиль, а также Казахстан и Узбекистан. Фестиваль ЖАРА всегда долгожданное событие для зрителей, потому что это не только праздник музыки, яркое шоу, популярные хиты, топовые артисты, но и открытие новых имен и обмен национальной музыкальной культурой, рождение новых коллабораций среди артистов из разных стран. В 2022 году фестиваль ЖАРА пройдет в Казахстане на многофункциональном стадионе Almaty Arena", - рассказала подробности генеральный продюсер фестиваля Лена Боска.

Программа фестиваля ЖАРА в Казахстане

25 июля – открытие

В первый день фестиваля состоится торжественное открытие. На гала-концерте выступят топовые артисты и прозвучат лучшие хиты.

26 июля

Во второй день поклонников ждет творческий вечер Димы Билана, а также зрители смогут насладиться громкими хитами 2000-х в исполнении популярных артистов.

27 июля

Третий день фестиваля посвящен главным звездам популярных стриминговых площадок и хит-парадов.

28 июля – закрытие фестиваля

В четвертый день пройдет яркое и незабываемое закрытие фестиваля. Зрителей ждет сольный кон-

церт Басты – исполнителя, чьи концерты проходят с аншлагами по всему миру в течение многих лет.

Где смотреть трансляцию фестиваля ЖАРА в 2022 году

Трансляция всех дней фестиваля пройдет на телеканале ЖАРА TV.

Что известно о фестивале ЖАРА

Ежегодный музыкальный фестиваль ЖАРА сразу стал одним из самых ожидаемых и обсуждаемых летних мероприятий. Каждый год четыре концертных дня собирают более 200 популярных артистов, более 10 000 зрителей в день и более 150 000 000 телезрителей в России и СНГ! Фестиваль запоминается зрителям яркими номерами, премьерами песен и неповторимой атмосферой.

За новостями о международном музыкальном фестивале ЖАРА можно следить на сайте zhara.tv и в социальных сетях @zharatv.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

«ҚОЛЖЕТІМДІ СПОРТ» ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

ЕЛІМІЗДІҢ ЖЕТІ ҚАЛАСЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ СПОРТ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ТЕГІН СПОРТТЫҚ САБАҚТАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ. БҰЛ ЖОБА ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫН СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕ БЕЙІМДЕУ МЕН ҮЙРЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН.

«Қолжетімді спорт жобасы» алғаш рет еліміздің астанасы Нұр-Сұлтан қаласында 2021 жылдан бастау алған. Ол сол жылдың соңына 20 мыңға жуық елорда тұрғынын қамтыған. Ал, биылғы жылдың сәуір айынан бастап еліміздің Алматы, Талдықорған, Шымкент, Семей, Петропавл, Ақтау қалаларында ашылып, қала тұғындарында тегін спорт сабақтарын өткізуде.

Аталмыш жоба Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен жүзеге асырылуда.

Қала тұрғындарына ұсылынған спорт түрлері; скандинавиялық жүріс, жүгіру, каратэ, үстел теннисі және фитнес. Бұл спорт түрлерін арнайы мамандандырылған нұсқаушылар мен жаттықтырушылар қала саябағында жүргізеді. Айта кетерлігі 1,5 сағатқа созылатын сабақтың көбі кешкі уақытқа ұйымдастырылған. Сонымен қатар, әр спортқа қатысушылардың жас шектеулері де бар. Яғни, үстел теннисі, фитнес, скандинавиялық жүріс 18 жастан бастап болса, каратэ мен жүгіруге7 жастан бастап қатысуға болады.

Айнұр БЕКМОЛДИНА
Сурет ғаламтордан алынды.

ВЕЛОСПОРТ

ЖҮЛДЕГЕ ІЛІГЕ АЛМАДЫ

Мажарстанның астанасы – Будапештен бастау алған велошабандоздар арасындағы ең белді жарыстардың бірі – «Джиро д'Италия» көпкүндігі кеше Италияның Верона қаласында өз мәресіне жетті.

Үш аптаға созылған бәсекеде велошабандоздар Мажарстан мен Словенияның шекарасын кесіп өтіп, Италиядағы жарыс кезеңдерін қоса есептегенде, жалпы ұзақтығы 3445,6 шақырым жолды артта қалдырды. Сондай-ақ, спортшылар осы аралықта биіктігі 50 шақырымға дейін жететін Этна, Блокхаус, Мортироло, Пордой, Федайя сияқты таулы кезеңдерді де бағындырды.

Биыл 105-ші мәрте ұйымдастырылған «Джиро д'Италия» додасы Мажарстанда жалпы кезеңмен басталып, жекелей жарыс кезеңімен мәресіне жетті. Верона қаласының 4-санаттағы биік шыңымен өткен соңғы жарыс күнінде 25 жастағы Италия чемпионы Маттео Собреро (Bike-Exchange – Jayco) жеңімпаз атанды. Ол 17,4 шақырым қашықтықты 22 минут 24,54 секундта орташа 46.588 км/сағ жылдамдықпен жүріп өтті. Мәре сызығын жеңімпаздан 15 секунд кейін кескен Team DSM велокомандасының өкілі Тимен Аренсман (Нидерланд) екінші орынға ие болса, тағы бір нидерландтық велошабандоз Матье ван дер Пул (Alpecin-Fenix) үшінші орынға табан тіреді. Ол Маттео Собрероданан 33 секундқа қалып қойды.

BikeExchagne-Jayco велокомандасының өкілдері биылғы «Джиро д'Италияның» екі бірдей жекелей кезеңінде үздік шықты. Будапештте 9 шақырымға созылған алғашқы жекелей жарыста Саймон Йейтс топ жарса, күні кеше Маттео Собреро алдына жан салмады. Сондай-ақ, С.Йейтс 14-кезеңнің жеңімпазы атанды.

Соңғы кезеңдегі М.Собреронның жеңісі жалпы есептегі үздік үштіктің нәтижесіне еш әсер еткен жоқ. 21 кезеңнің қорытындысы бойынша, биылғы «Джиро д'Италия» додасында 26 жастағы аустралиялық Джей Хиндли (Bora-hansgrohe) 86 сағат 31 минут 14 секунд көрсеткішімен бас жүлдені жеңіп алды. Бұл оның карьерасындағы төртінші «Джиросы» болды. 9-шы ең биік таулы кезеңде жеңімпаз атанған Хиндли 14-кезеңнен 19-кезеңге дейін жалпы есепте эквадорлық Ричард Карапасты (Ineos) өкшелеп келді де, соңғы аса күрделі таулы 20-кезеңде оны шаң қаптырып, көшбасшыға тиесілі қызғылт жейдесін киді. Ал, жалпы есепте екінші орынға табан тіреген Р.Карапас аустралиялықтан 1 минут 18 секундқа қалып қойса, үздік үштікті Джей Хиндлиден 3 минут 24 секунд ұтылған «Астананың» экс-велошабандозы испаниялық Микель Ланда (Bahrain Victorious) қорытындылады.

Ал, қазақстандық «Астана» велоклубының өкілдері арасында ең үздік нәтижеге «Джиро д'Италияның» екі дүркін жеңімпазы, 37 жастағы ардагер велошабандоз италиялық Винченцо Нибали қол жеткізді. Жеңімпаздан 9 минут 2 секундқа қалып қойған Нибали жалпы есепте төртінші орынға тұрақтады. Astana Qazaqstan Team басшылығының әуелгі жоспары бойынша биылғы додада Мигель Анхель Лопеске сенім артылып, бүкіл командаластары колумбиялықтың көмбеге қарай еркін жетуіне мүмкіндік жасауға тиіс еді. Алайда Лопес «Джироның» 4-кезеңінде жарақатына байланысты жарысты ерте аяқтауға мәжбүр болды. Сәйтіп, команданың бар жауапкершілігі Винченцоға жүктелді. Жарыс бел ортаға таяған тұста, яғни 9-кезеңде Нибали сегізінші орынға табан тіресе, 14-кезеңде жүлделі орынға бір саты қалғанда тоқтады. Сәйтіп, осы кезеңнен бастап ол жалпы есептегі ТОП-10 велошабандоздың қатарына қосылды. Одан кейін «Астана» капитаны 16-кезеңде бесінші, 18-кезеңде төртінші орынға көтерілді. Дүбірлі дода аяқталғанға дейін Винченцо сол орнын сақтап қалды.

Биылғы «Джиро д'Италияның» жекелей аталымдарына тоқталар болсақ, 30 жастағы фран¬циялық Арно Демар (Groupama-FDJ) карьерасында екінші рет ұпай классификациясында топ жарса, 28 жастағы нидерландтық Кун Бауман (Jumbo-Visma) таулы кезеңінің үздігі атанды. Сондай-ақ, Trek-Segafredo командасының испаниялық өкілі Хуан Педро Лопес жарыстың ең үздік жас велошабандозы атағына ие болды. Бұл сында 22 жастағы қазақстандық Вадим Пронский бесінші орынға тұрақтады. Ал, Bahrain Victorious велоклубы командалық жалпы есепте үздік шықты. «Астана» ұжымы бесінші сатыға жайғасты.

ДЖИУ-ДЖИТСУ

ИСПАНИЯДА ҮЗДІК ШЫҚТЫ

Испанияның Мадрид қаласында джиу-джитсудан халықаралық турнир өз мәресіне жетті.

Аталған турнирде бақ сынаған қазақстандық спортшы Дана Төлеужан 55 кило салмақ дәрежесінде қарсылас шақ келтірмеді. Финалға дейін бір деммен қарсыластарын ойсырата жеңген жерлесіміз халықаралық бәсекенің алтын медалін жеңіп алды. Сондай-ақ, ол джиу-джитсу күресінен 2019 жылы Абу-Дабиде өткен әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанған болатын.

Қазіргі уақытта Италияның астанасы Рим қаласындағы «Ла сапиенца» университетінің магистратурасында тәлім алатын Дана Бекенқызының джиу-джитсу күресінен бөлек, су спорты түрлерінен спорт шебері деген атағы бар.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

ҚОРЫТЫНДЫ – ЕКІ ЖҮЛДЕ

АҚШ-тың Юджин қаласында ұйымдастырылған жеңіл атлетикадан «Гауһар лигасының» үшінші кезеңі мәресіне жетті. Жарты ғасырға жуық тарихы бар Pref ontaine Classic бәсекесінде Қазақстан құрамасы бір алтын, бір қола медаль жеңіп алды.

Бұған дейін жазғанымыздай, жарыстың алғашқы күнінде биіктікке секіру бәсекесінде Надежда Дубовицкая 1,93 метр нәтижесімен қола жүлде иеленген болса, екінші жарыс күнінде үш шақырымға кедергілер арқы¬лы жүгіруде қазақстандық Altai Athletics клубының спортшысы, шыққан тегі кениялық Нора Джеруто топ жарды. Ұлттық құрама көшбасшысының уақыт көрсеткіші – 8.57.97. Норадан кейін мәре сызығын бахрейндік Винфред Мутиле Яви мен эфиопиялық Мекидес Абебе Демевоз кесті.

Сондай-ақ, бес шақырымдық жарыста Дейзи Джепкемей 7-ші (14.52.64), Каролина Кипкируи 8-орынға (15.05.68) жайғасты. Айта кетейік, «Гауһар лигасының» үшінші кезеңінде Қазақстан құрамасы сапында алғаш рет 4 атлетіміз өнер көрсетті.

ШАХМАТ

БУНДЕСЛИГАДА ТОП ЖАРДЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ШАХМАТШЫ ЖАНСАЯ ӘБДІМӘЛІК OSG BADEN-BADEN КОМАНДАСЫМЕН БІРГЕ ГЕРМАНИЯ БУНДЕСЛИГАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ.

Мамыр айының соңғы аптасында ұйымдастырылған шахмат жарысында жерлесіміз Бундеслиганың соңғы бес турына қатысып, командасына маңызды жеңіс сыйлады. Жансаяның командасы біріншіліктің аяқталуына бір тур қалғанда мерзімінен бұрын жеңімпаз атанды. Аса тартысты өткен шешуші турда OSG Baden-Baden командасы SK Schwäbisch Hall ұжымынан айласын асырып, 3,5:2,5 есебімен басым түсті. Ең маңыздысы, бұл сында Жансая Әбдімәлік қарсылас командадағы отандасы Динара Сәдуақасованы қапы қалдырды.

Жансая 2019-жылдан бері германиялық OSG Baden-Baden командасында өнер көрсетіп келеді. Оның клубы Бундеслигада 2018 жылы топ жарған еді. OSG Baden-Baden биыл Бундеслига тарихындағы 12-ші жеңісіне қол жеткізді. Ал, Динара Сәдуақасованың командасы екінші орынға табан тіреді. Чемпионатта барлығы 12 команда бақ сынады.

Egemen.kz сайтынынан алынды.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

ІЛИЯС ІЗБАСАРЫ

КИЕЛІ МЕКЕН ПЕРЗЕНТІ

Асау жырдың алып шыңы, биігі,
Жырларыңда әсем сөз де, күй үні,
Ілияс ақын арпалыстың өмірмен,
Кетсе дағы кейде өртеп күйігі.

Тас түйін қып қайрат, жігер, сезімін,
Тасқа салып таусылмайтын төзімін,
Өзің туған «киелі мекен» перзенті,
Жырын арнар жүрегінен өзінің.

Асау жырдың жалынан ұстап ертерек,
Арқырап аққан Ақсуыңа еркелеп,
Туып-өстің киелі өзен бойында,
Жүргендей бейне бойында бейнең
көлбеңдеп.

Жалынды жыр маржандайын төгілді,
Кей жырменен сезім сыры сөгілді.
Тереңінде астарлы ой, тың теңеу,
Өлең сөзің өрнек сөзбен өрілді.

Қараңғы түнге жарық берді
жырларың,
Дүбірлетті «Құлагер» дала қырларын,
«Күйші» болып күй әуенге бөледі,
«Күйім» болып толған сезім,
сырларын.

Өлең – құдірет, іште тынған алаулап,
Өлең – сезім, өртер жанды баяулап,
Сол өлеңнің құдіретіне сыйынып,
Есіміңді бір көрейін салалап.

І- лдірмедің ілмек болған қыранға,
Л- екітесің толқын беріп жағаға,
И- діресің тас боп қатқан көңілді,
Я- өлеңмен гүлдендірдің өмірді,
С- азға бөлеп, нұрға бөлеп өңірді.

Сұм заманның құрбанына айналдың,
Жәбір көрдің, бірақ алдан таймадың.
Бүгінгі ұрпақ атыңды атап
жырлайды,
Бір аунасын өр ақыным аруағың.

Заңғар биік тауларыма балаймын,
Куә болған уақытына талайдың.
Ілияс ақын отты жырды, өзіңді,
Мәңгі өлмейтін асылыма балаймын.

Дания БЕКБОЛАТ

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

БӨРІТАРАҚ ГҮЛІНІҢ ҚАСИЕТІ

БӨРІТАРАҚ (ГИБИСКУС) СӨЗІН ЕСТІГЕНДЕ ӘДЕМІ ГҮЛДІ ЕЛЕСТЕТЕМІЗ. БӨРІТАРАҚТЫ ҮЙДЕ ӨСІРУ – ЖАҚСЫ ИДЕЯ. БІРАҚ КӨПШІЛІК ОНЫҢ ТЕРІГЕ ПАЙДАЛЫ ЕКЕНІН БІЛЕ БЕРМЕЙДІ. БАСҚА ДА ШӨПТЕР МЕН ГҮЛДЕР СЕКІЛДІ БӨРІТАРАҚ ТА НАҒЫЗ ТЕРІ ҚАСИЕТТЕРІНЕ ҚАЖЕТТІ ЕМДІК ЖИНАҚПЕН МАҚТАНА АЛАДЫ.

Ол ағзадағы коллагеннің табиғи өңделуін қалыпта ұстайды. Коллаген өңделуін түрлі әдістермен жақсартуға болады. Оны сусын ретінде ішу, ұнтақ ретінде пайдалану және т.б. Құрамындағы С дәруменінің көп мөлшерінің арқасында ол табиғи жолмен біздің ағзамыздағы басты құрылыстық ақуыздың өңделу қарқындылығын арттыра алады.

Зерттеулер С дәрумені (аскорбин қышқылы) коллагеннің реттелуі үшін қажетті элемент болып табылатынын көрсеткен. Бұл маңызды процестер үшін жауап беретін ақуыздар аскорбин қышқылын қажет етеді. Бұл бөрітарақ күтім құралдарының, соның ішінде қартаюға қарсы күтім құралдарының формуласындағы басты компоненттің бірі бола алатынын білдіреді.



Коллагеннің бұзылуын баяулатады. Бөрітарақ коллаген өңделуін арттырып қана қоймай, ол коллагенді молекулалардың бұзылу процесін баяулата алады. Себебі бөрітарақ мирицетин деп аталатын антиоксидантқа бай. Ол коллаген бұзылуына қатысатын фермент – коллагеназдың (коллагеназ белсенділігі жас ұлғая артады) жұмысын тоқтатады. Бөрітарақ құрамындағы мирицетин тері қартаюының алғашқы белгілерімен күресудегі негізгі көмекшіңізге айнала алады.

Эластин бұзылуының алдын алады. Эластин – теріні серпімді ететін ақуыз. Бұл протеин ағзадағы дәнекер ұлпаларында және теріде болады. Бірақ жас ұлғая келе ағзада эластаз ферменті белсенді бола түседі де, эластин бұзыла бастайды. Бөрітарақ құрамындағы мирицетин эластаз белсенділігін басып, эластиннің жоғары деңгейде өңделуіне ықпал етеді.

Сонымен қатар тері қабынуларымен іштей күреседі. Бөрітарақ косметологияда құрамындағы көп мөлшердегі антиоксиданттарымен, С дәруменімен және бета-каротинмен танымал. Сондай-ақ, оның сығындысында тиімділігі жоғары қабынуға қарсы антоциан пигменті бар. Ол бөрітараққа қызыл реңк береді. Ол нағыз терідегі қышқылдандыратын процестер мен қабынулар қарқындылығын азайтады. Тері қабынулары жиі ағзаның бос радикалдар себебінен болатын зақымдарға реакциясы болып келеді. Бөрітарақтағы антиоксиданттар олардың жағымсыз әсерлерін бейтараптандыруға көмектеседі.

Оның құрамында терінің терең тазаруына ықпал ететін ана-қышқылдар көп

Бөрітарақ альфа-гидрокси қышқылдардың, соның ішінде алма және лимон қышқылдарының табиғи көзі ретінде танымал. Бұл қышқылдар терінің терең тазарылуы және тері реңкінің жақсаруы үшін пайдалы. Бөрітарақ сығындысы қосылған күтім құралын қолдану арқылы жиналып қалған өлген жасушалардан арыла аласыз және регенерациялық процестерді қалыпты деңгейде ұстап тұра аласыз.

САЛТ-САНА

Қай халықты алсақ та, оның өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі болады. Салт-дәстүр сол халықпен бірге жасасып, оның тарихында өшпес із қалдырады. Бірақ ұмыт болып бара жатқан ұлттық салт-дәстүрлеріміз де жоқ емес. Ендеше, салтымыз санамызда мәңгілік жаңғырып тұруы үшін дәстүр сөйлейді.

ДӘСТҮР СӨЙЛЕЙДІ

Үме (салт) «Үмеге келген үндемей қалмайды» (мақал). Үлкен, ауыр, көлемді жұмыстарды ауыл, ру адамдары «бір жеңнен қол шығарып» бас қосып, көпшілік болып, бірігіп атқарады. Соның бірі – үме. Әсіресе, қысқы мал азығы үшін жемшөп дайындағанда мал иесі жігіттерді үмеге шақырады. Қарулы азаматтар бер орақтарын шыңдап, қайрап іске кіріседі. 20-30 жігіт қатарласа тұрып орақ тартады. Бір күн ішінде бірнеше тонна шөп шабылып, әрі жиналып алынады. Үмеге ет асаймыз деген бала-шағалар да, көңіл көтеретін әнші, күйші, жыршылар да келіп, өнер көрсетіп, жұрт бір серпіліп қалады. Кейде үлкен Үмелерде жігіттер күреске түсіп, қара жарыстар ұйымдастырылған. Көмекке келгендерге берілетін ас «үме» деп аталған. Үме – ұжымдасқан еңбек тойы. Мұндай істен ауыл азаматтары ешқашан шет қалмайды. Себебі үме дәстүрі қазақ халқының береке-бірлігінің белгісі деп санаған.

Асар (салт). Қазақы ортада ауқымды да күрделі жұмыстарды ру-қауымның негізгі құрамдас бөлігі біраталардың бірлесе атқару харекетінің атауы. Мысалы, егіншілік дамыған өлкелерде арық, көріз қазу, тазалау секілді суландыру жүйесіндегі жұмыстарды, сондай-ақ, үй тұрғызу, қора-қопсы салу сияқты құрылыс жұмыстарын асар жасау арқылы атқарған. Қазақ ауылында бір отбасының қолынан келмейтін күрделі, көлемді жұмыстарды атқару үшін бірнеше ауылдың адамдары асарға шақырылады. Асарға шақырылғандар еңбегі үшін төлемақы талап етпейді, асарға шақырушы адам оларға жақсы ас әзірлеп, дастарқан жаяды. Ұжымдасып жұмыс істеудің үлкен бір көрінісі деп қарауға болатын тағы бір үрдіс батыс қазақтары тілінде «үме» деп аталады. Шөп шабу науқаны кезінде қыз-бозбаланың және әнші-жыршының жиналатынына байланысты «Үмеге келген үндемей қалмайды» деген мақал туған.

Оңтүстік өңірде «асаршы» мен «мердігерші» атаулары бір мағынада айтыла береді. Жұмысқа қатысушылардың жас шамасы да,

күш қуаты тұрғысынан жұмысқа жарамдылығы да ескерілді. Мысалы, Шу бойы қазақтарында дәстүр бойынша қоғамдық қарекетке қатысатын ер адам жасы 16 жастан төмен, 60 жастан жоғары болмаған. Өйткені асарға қатысушы әрбір адам арық бойында жатқан суармалы алқаптан жер алуға қақысы бар. Ал жерді қауымның еңбекке жарамды адамы алу тиіс. 1888 жылы көктемде Бөтімбай Сәтінің тоғанында жұысты он бес күнде аяқтаған 28 адамның арқайсысына ені 33 сажын, ұзындығы 66 сажын жер берілген. Егер отбасының отағасы қайтыс болса, онда жер үлкен ұлына немесе жесіріне тиісті болған. Олар маусым аралығында жүргізілетін арықты жөндеу, тазалау секілді жұмыстарға қатысуға міндетті болған. Тіпті қауым мүшесі басқа жаққа кетсе де, өз тоғанының бойында жатқан жерге иелігін сақтап қалды.

Дәстүрлі көшпелі ортада қой қырқымды ұйымдастыру, қыстаулардағы үйлерді салу мен мал жайланатын орындарды тұрғызу сияқты біршама уақыт пен күш-қайратты қажет ететін шараларды атқаруға екі-үш ұрпақтан тұратын «бір ата» деп аталатын (орыс деректерінде орыс. хозяйственный аул немесе орыс. Большая неразделенная семья) шама-шарқы жетпегендіктен, көрші ауылдың адамдары асарға шақырылды. Аталмыш және осы құралыптас ауқымды шараларды бірлесе атқару көшпелі ортадағы әлеуметтік қатынастардың нығаюының үлкен кепілі болды. Яғни, ру-қауымның тіршілік кеңістігінде асардың қоғамдық қатынастарды ұйымдастыру мен реттеудегі орны мен рөлі айырықша болды.

Материалдар Massaget.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айнұр БЕКМОЛДИНА – тілші

Кезекші редактор: А. БЕКМОЛДИНА.

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.
Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 573
Индекс 15534